



Қазақстанда өзін «тәуелсіз журналистпен» деп жариялау оңай, бірақ сол атаққа лайықты жұмыс істеу – ерлікпен тең. Қаржылық тәуелсіздік, биліктің қысымы, ақпарат алудың қиындығы туралы мәселе тәжірибелі журналист Асылхан Мамашұлымен болған сұхбаттың өзегіне айналды.

### – Тәуелсіз журналист болудың қиындығы неде?

– Тәуелсіз журналист болу – бұл тек кәсіби маман болу емес, сонымен қатар азаматтық ұстанымы берік тұлға болу деген сөз. Тәуелсіздік – журналист үшін екі нәрседен тұрады: сөз еркіндігі және экономикалық еркіндік. Ал бізде бұл екеуі де шектеулі. Мемлекеттік мекемелер шынайы ақпарат беруден қашады, ал жеке сектор ашық қолдаудан қорқады. Өйткені билік кез келген тәуелсіз БАҚ-қа қолдау көрсеткен демеушіні «қара тізімге» енгізіп, салықпен немесе тексеріспен қыса бастайды. Бұған мысал ретінде түрлі блог платформалар мен сайттардың жабылуы немесе тоқтауы туралы айтсақ жеткілікті. Тәуелсіз журналистика дамуы үшін медианың өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігі болуы керек. Ал қазіргі Қазақстанда мұндай мүмкіндік тек бірнеше халықаралық ұйымдармен серіктес БАҚ-тарға ғана берілген. Қалғаны жүйеге икемделуге мәжбүр. Бұл – сөз бостандығын шектеудің ең көрінбейтін, бірақ ең күшті түрі.

### – Журналистік зерттеу жүргізу барысында қандай кедергілер кездеседі?

– Журналистік зерттеу – жай жаңалық жазу емес. Бұл – дәлел жинау, фактілерді тексеру, әртүрлі дереккөздермен жұмыс істеу арқылы шындыққа қол жеткізу процесі. Бірақ Қазақстанда бұл жолда бірінші және ең үлкен кедергі – ресми ақпаратқа қол жеткізе алмау. Көп жағдайда мемлекеттік органдар журналистің ресми сұранысына уақытылы жауап бермейді немесе мүлде жауапсыз қалдырады. Ал жауап берсе де, нақты ақпараттың орнына жалтарма жауап ұсынады. Кейде тіпті ашық болуы тиіс құжаттар «құпия», «ішкі пайдалану үшін» деген желеумен берілмей қалады.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АЙЛЫҚТЫҢ АЗДЫҒЫНАН КӘСІБИ МАМАНДАР СОТ САЛАСЫНАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР



Сот жүйесі қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз ету міндеті жүктелген маңызды институт. Бұл жүйенің тиімді жұмыс істеуі қоғамның құқықтық мәдениетін, заңға деген сенімін және құқықтық тәртіптің нығаюын қамтамасыз етуге негіз болады. Дегенмен, сот жүйесі алдында бірқатар шешімін таппаған мәселелер тұр, олардың ішінде тіл мәселесі, аудармашылардың тапшылығы, сот қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайына қатысты сұрақ көп.

## КӨЗҚАРАС

# АЖЫРАСУ: САЛЫҚТЫ КӨБЕЙТУ АРЫЗДЫ АЗАЙТУҒА КӨМЕКТЕСЕ МЕ?

Қазақстанда ажырасу азаймай тұр. Осыны ескерген депутаттар жаңа дайындалған Салық кодексінде ажырасушылар төлейтін мемлекеттік баждың көлемін ұлғайтуды ұсынғаны белгілі. Қазіргі кезде 0,5 айлық есептік көрсеткіш (1966 теңге) көлемінде баж салығын төлейтін жұптар алдағы уақытта 5 АЕК-ке (19660 теңге) шығындалуы мүмкін. 2026 жылдан бастап қолданысқа енгізілгелі отырған бұл жаңашылдық ажырасуға ниеттілердің санын кеміте алса ұтқанымыз. Алайда, некені бұзуға шешім қабылдағандарға ештеңе кедергі бола алмайтынын сот тәжірибесінен көріп, біліп отырмыз.

Қазіргі статистика көңіл көншітпейді. 2025 жылдың алғашқы екі айының өзінде Қазақстанда 3,5 мың неке бұзылған. Жалпы, Қазақстандағы тіркелген некенің жартысына жуығы ажырасумен аяқталады. Бұл қуанып айтатын көрсеткіш емес. Себебі, осыншама неке бұзудың артында қаншама отбасының, қаншама адамның тағдыры тұр. Ажырасудың салдарынан талай баланың сағы сынып, әке мен ананың мейірімін тең көре алмай өседі.

2024 жылы Қазақстанда 40 569 ажырасу тіркелсе, оның 35 пайызы 1 жылдан 4 жылға дейін некеде тұрған жұптарда орын алған. Ажырасудың себептері әртүрлі. Оған көбіне-көп туыстардың араласуы, моральдық шектеулердің болмауы және ажырасу процедурасының оңайлығы түрткі болып жатады. Сонымен бірге, тұрмыстық қиындық, қызға-

ныш, ішімдік пен нашаға әуестік те аз әсерін тигізбейді. Кейінгі уақытта бұл қатарға құмар ойынға тәуелділік пен түрлі психолог, коучтардың сауатсыз дәрістері де ықпал етуде.

Жалпы мемлекеттің мықты болуы – әрбір отбасының беріктігіне байланысты. Ажырасудың артуы отбасылық құндылықтың төмендеуінің белгісі. Ата-анасын сыйлаған, отбасылық тәрбиені басты орынға қойғандар ашуға емес, ақылға салып шешімін қабылдай еді. Әлбетте, бұл жерде балалардың мүддесі де басты орында тұруы керек. Өйткені, ерлі-зайыптылар арасында туындаған мәселеге бала кінәлі емес. Өкінішке қарай, жеке басының қызығушылығын басты орынға қойғандар ата-аналық міндетіне, бала алдындағы жауаптылыққа салғырт қарайды.

Қазіргі жастардың үйлену туралы шешімді қабылдауы да, ажырасамын деген ойға келуі де өте тез. Оларды ата-ананың абыройы, отбасының ертеңі, баласының болашағы ойландырмайды. Ажырасуды барлық қиындықты жеңудің шешімі ретінде қабылдайтындар жетерлік. Алайда, некені бұзумен барлық мәселеден арыламын деу қате түсінік. Некені бұзудың соны көптеген дауға, сот процестеріне жалғасады.

Араларында ортақ баласы бар, мүлкі ті бөлуге қатысты дау туындаған тараптардың талабы сот арқылы шешіледі. Сот мұндайда

ерлі-зайыптылардың татуласуына уақыт белгілеп, отбасын сақтап қалуға барынша тырысады. Дегенмен, сотқа дейін ойланып, толғанып, бір шешімге кеген азаматтардың пікірін өзгерту өте қиын. Сондықтан, ажырасудың алдын алуға қатысты жұмыстарды кешенді түрде жүргізу керек. Ең алдымен ата-анасы шаңырақ көтергелі отырған баласына жанұя жауаптылығын ұғындыруы шарт. Отбасының рөлін, маңызын айшықтау үшін күміс, алтын, жақұт тойына жетіп, қол ұстасып қатар жүрген бақытты жұптардың өмірін, тәрбиесін насихаттап, дәріптеу кезек күттірмейді. Телеарналарда отбасылық құндылықты, әке мен ананың орнын көрсететін хабарлар тарату маңызды. Жоғары, арнаулы оқу орындарында жиындар, имандылық сабақтарын ұйымдастыруды да дәстүрге айналдырған абзал. Шаңырақтың шайқалмауы – ерлі-зайыптылар сезімінің мықтылығына ғана емес, сенімінің беріктігіне, қиындыққа төзімділігіне, кедергіні бірігіп жеңе білуіне байланысты. Ажырасудың салдары туралы айтқанда міне осы мәселелерді тарқатып, түсіндіріп берген дұрыс. Сонда ғана санаға әсер етіп, некенің сақталуына себепкер болуымыз мүмкін.

**Қанат ЕРМЕКОВ,**  
Алматы қаласы  
Жетісу аудандық сотының судьясы

**4-бет**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**Мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік тілді білмеуі – абсурд**

**5-бет**

**Жат ағымдармен күрес – жалғыз басқарманың міндеті емес**

**8-бет**

**Көмбесі көп жылдар**

**ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК**

Қазылық жұмыстың қиындығына мойымай, қызметін ер азаматтармен қатар атқарып келе жатқан судья әйелдердің жауаптылығына, адалдығына, тындырымдылығына таңқалатын кезіміз көп. Жаны нәзік болғанымен, жұмысына мығым әйелдер қауымы бүгінде сот саласының қомақты жүгін арқалап жүр.

**СУДЬЯЛАРДЫҢ 54,7 ПАЙЫЗЫ  
ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР**



әділдік алаңында да өз қызметіне көлеңке түсірмеуді басты орынға қояды.

Мемлекеттегі отбасылық институтты жандандырумен қатар, елдің демографиялық өсіміне де ауқымды үлес қосып келе жатқан судья ханымдар ізінен ерген жастарға үлгі. Шындап келгенде балалардың өмірге келуі, олардың тәрбиесі нәзік жандылардың мойнында. Сонымен қатар, әйел отбасы құндылықтарын қорғайды. Күнделікті жанұя жайлылығын жасау, үлкендерге қамқорлық танытып, жұбайына қолдау таныту, ұл-қызына лайықты тәрбиелеу – әрбір әйел үшін абзал міндет.

Соңғы статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстан соттарындағы әйел-судьялардың үлесі 53 пайызды құрайды. Соның ішінде Жоғарғы Соттың судьясы ретінде қызмет етушілердің 48 пайызы қыз-келіншектер болса, облыстық сот судьяларының ішіндегі айымдардың үлесі 45,7 пайызды межелеген. Ал аудандық сот судьясы болып төрелік жасап жүргендердің 54,7 пайызы ханымдар екен. Сонымен қатар, сала жұмысын үйлестіріп отырған сот қызметкерлерінің басым бөлігі нәзік жандылар екенін мақтанышпен айтуға болады.

Бұл деректер мемлекетімізде гендерлік теңдік саясатына жіті мән беріліп, қыз-келіншектерді қолдауға айрықша көңіл бөлінетінін көрсетеді. Шын мәнінде еліміздің Ата заңынан бастап, басқа заңнамалардың барлығында азаматтардың ұлтына, жынысына, жасына, тілі мен дініне байланысты ешқандай кемсітуге жол берілмейтіні нақты дәйектелген. Гендерлік теңдікті қорғауға қатысты стратегиялық тұжырымдаманың негізгі өзегі де – әйелдер құқығы.

Сот саласында ерлермен қатар қызмет етіп жүрген судья ханымдар да өзіне жүктелген жауаптылық пен сенімге берік. Отбасының алтын қазығы, қоғамдық жұмыстардың көшбасшысы болып жүрген әйел судьялар

Міне, осындай судьялық мәнсабын адал атқарып, отбасылық құндылықты дәріптеп жүрген қаншама әйел судья аразында тынымсыз еңбек етуде. Сот саласына қатысты шешімін күткен мәселелерді көпшілік талқысына салып, жас судьяларға жол көрсетер кәсіби дәрістердің басы-қасында да әйел-судьялар жүреді. Қызметін жауаптылықпен атқарып, отбасылық міндеттеріне ұдайы көңіл бөлетін тәжірибелі судьялардың кеңес беріп, жол көрсетуге уақыт табатыны да ерекше құрметтеуге сұранып тұрған себептің бірі.

Судья тәуліктің 24 сағатында судья. Оның қызметі төрелік жасап болып, сот залынан шығумен бітпейді. Судья – ел адамы болғандықтан, оның қызметтен тыс кездегі әдебі, іс-әрекеті үнемі халықтың бақылауында. Мұндай ауыртпалыққа тек салаға шын берілген, өз мамандығын ерекше сүйетін жандар ғана шыдайды. Біздің судья әріптестеріміз де өз саласына есепсіз берілген кәсіби мамандар. Жауапты жұмысқа бар күш-жігерін жұмсаған осындай мамандар барда сот саласының беделі биіктей бермек.

**Дәурен УТЕБАЛИЕВ,**  
**Маңғыстау аудандық сотының төрағасы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

**МЕДИАЦИЯ**

**ТАРАПТАРҒА  
ТАТУЛАСҚАН ТИІМДІ**

«Бір күн ұрыс болған жерден қырық күн ырыс кетеді» деген тағылымды сөз бар қазақта. Расында, дау қуған ортада даму болмайды. Сондықтан, тараптар арасында туындаған келіспеушілікті ортақ келісіммен, дауды бітімгершілікпен бітіргеннің пайдасы орасан.

Сот өндірісіне түсетін істер мен материалдар саны жыл өткен сайын өсуде. Әрине, зайырлы, құқықтық мемлекетте азаматтардың өз мәселесін сот алаңында, заң шеңберінде шешкені дұрыс. Бұл халықтың құқықтық сауатын көтеретін, өзіне деген сенімін күшейтетін қадам. Алайда, солай екен деп даулардың бәрін сотқа дейін жеткізіп, келіспеушіліктің шудің салдары ауыр. Мұның салқынын алдымен тараптардың өзі сезінеді. Неге?

Себебі, сот арқылы құқығыңды қорғау – ұзақ уақытты алатын, бірқатар қаржылық шығын келтіретін, жүйкеге салмақ түсіретін, кәсібінді ақсатып, отбасының берекесін кетіретін процесс. Олай дейтініміз, сот актісі бір күнде, бір сәтте шығарылмайды. Сот отырысына қатысушылардың денсаулығына, жағдайына байланысты процестердің кейінге қалатын, шегерілетін сәттері көп. Өмірдің ең бір өнімді еңбек етер, қызмет жасар кезінде алтын уақытыңды сот үрдістеріне ұрлатудың зияны басым. Бұл өз кезегінде жұмыстың өнімділігін, түсетін табысын азайтады. Сонымен бірге, заңгер көмегіне жүгіну, сот отырыстарына бару да қалтаға айтарлықтай

салмақ салады. Сот – дау алаңы болғандықтан, онда тараптармен сөзге келетін, айтысып, тартысатын сәттер жиі орын алады. Мұның соңы азаматтар арасындағы сыйластыққа сына түсіреді. Айқайласу, кемшілікті теру жүйкеге де айтарлықтай теріс әсер ететінін мойындайтыныңыз шындық. Міне, осы жағдайларды таразы басына сала отырып, тараптардың татулығын сақтап, дауларды тиімді шешуді заңдық тұрғыдан дәйектеу үшін «Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілгені мәлім.

2011 жылдан бері қолданылып келе жатқан бұл заң да бүгінде халық игілігіне қызмет етуде.

Қазір медиация арқылы реттеуге болатын істердің барлығы татуластырушы судьялардың қарауынан өтеді. Егер татуластырушы судьяның уәжіне тоқтамаса, тараптардың ісі жалпы тәртіппен сотта қаралады. Десек те, бұл жерде біз медиацияның тиімді тұстарын түсіндіруден жалықпауымыз керек. Бұл азаматтарға деген жанашырлықтың, құқықтық қамқорлықтың бір үлгісі. Азаматтардың дау өзара келісіммен біткен жағдайда көп артықшылыққа ие болатынына көзі жетуді қа-

жет. Ең алдымен түйткілді медиация арқылы реттеу уақыт жағынан ұтымды. Дау бітіммен біткен жағдайда төленген мемлекеттік баж қайтарылады. Медиацияда мәселе бір кездесудегі ортақ келісімде шешілуі мүмкін. Әрі сот процесі болмағандықтан, заңгерлер көмегіне, кеңесіне кететін қаржы да тараптардың қалтасында қалады. Бір-бірін уәжін тындап, ортақ келісім бекітілген соң, тараптарға да ашуға беріліп, арадағы сыйластықтың бұзылуына себеп жоқ. Ең бастысы, медиацияда жасалған келісім дер кезінде, бірден орындалады. Ал сот актілерінің орындалмай, орта жолда қалатын кезі көп.

Жоғарғы Сот тарапынан барлық соттарда медиация кабинеттері ашылып, оларды безендіруге, ақпараттық мағлұматтармен қамтамасыз етуге де көп көңіл бөлінді. Сот мәжіліс залдарында дауды шешкеннен, жайлы кабинетте отырып, дауға қатысты өз ұстанымын білдіріп, ортақ пікірге тоқтау да азаматтардың көңілінен шыққаны ақиқат. Ендеше, жылдан жылға медиативтік келісімдердің көбейіп, өзара татуласып тарқасқан тараптар санының өсуі соттардағы ұжымдық жұмыстың жемісі деп сеніммен айтуға болады.

**Шынар ОСПАНОВА,**  
**Үржар аудандық сотының төрағасы**  
**АБАЙ ОБЛЫСЫ**

**БАСТАМА**

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ  
НЕСІМЕН ҰТЫМДЫ?**



Жаңа технология сот саласын жаңа биікке көтерді. Сатылап жеткен бұл жетістіктер әлі күнге көз алдымызда. Әрине, электрондық қызметтің алғашқы қарлығаштары ретінде енгізілген бастамалардың болашағына күмәнданушылар аз болған жоқ. Әсіресе сот істерін судьяларға автоматты түрде бөлу, арыздар мен құжаттарды электронды қабылдауға қатысты жаңашылдық өзін ақтайды дегенге сенбегендер көп.

Өз арызын сот қызметкерлеріне арнайы келіп табыстап, ол үшін ұзын-сонар кезекке тұруды, қаптаған анықтама, құжат жинауды әдетке айналдырған азаматтарға бұл шынында таңсық еді. Алайда, көп уақыт өтпей жаңашылдықты меңгерген азаматтар талап арыздарын қашықтан жолдап, қажетті анықтаманы кедергісіз басып шығаратын болды. Тәжірибе барысында өзін ақтаған бұл жобалардың соңы барлық сот мәжіліс залдарын дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықтауға, «Сот кабинеті» сервисін жандандыруға жол ашты.

Дыбыс-бейнежазу құрылғыларын орнату көптеген игіліктерге түрткі болды. Соның арқасында барлық сот отырыстары таспаға жазылды. Бұл өз кезегінде сот отырысы хатшыларының жұмысын жеңілдетті. Сондай-ақ сот отырысына қатысушылардың жауаптылығын көтеріп, процестің өз мәнінде өтуіне негіз қалады. Технологияның қызметімізді жеңілдеткені соншалық, кезінде қолданыс-

тан шығару мүмкін еместей көрінген сот отырысының хаттамасы енді электронды түрде жүретін болды. Машинамен жұмыс жасаған судьялар үшін компьютерді меңгеру қиын болған жоқ. Десе де, құжат айналымды қағазсыз, тек онлайн іске асыруды, сот отырыстарын адамның қатысуынсыз, қашықтан өткізуді осыншалықты тез меңгеру – ұжымның талабы мен бірлігінің арқасы дер едік.

Жаңашылдықтың қолға алынуы куәлардың сот отырысынан тыс жерде жүріп-ақ куәлік етуіне, өз пайымын жеткізуіне мүмкіндік берді. Кейіннен электрондық қызметтің қыр-сырын меңгерген сот судьялары мен сот қызметкерлеріне онлайн сот отырыстарын өткізу ешқандай қиындық тудырмаған жоқ. Әлемді әбігерге салған коронавирус кезінде де қазақстандық сот жаңа технология жетістіктерін пайдаланудың арқасында жұмысын ақсатпай, барлық істерді онлайн қарауға қол жеткізді.

Бүкіл халық еш кедергісіз қадағалаған «Бишімба-

ев соты» да, күні кеше Талдықорғандағы сот залына халықты онлайн жинаған «Шерзат ісі» де отандық соттың жаңа технологияны шебер меңгергенінің жемісі.

Десе де, онлайн процесс күрделі істерді қарауда қиындық тудырады. Экранның арғы жағында тұрған адам өз ойын жеткізуге шорқақтық танытады. Сотта интернет жылдамдығы жоғары, технология мінсіз болғанымен, азаматтардың бәрінде бірдей ұшқыр интернетке қолжетімділік жоқ. Сондықтан, смарт жүйе толық жанданғанша дау жоқ істерді ғана онлайн қараған дұрыс.

Сот жүйесінде әлі де жаңа жетістіктерге жетеріміз анық. Тек сол заманауи жаңашылдықтарды сапалы қолданатын жас мамандардың біліктілігі де талапқа сай болса дейміз.

**Майкүл МАМУТОВА,**  
**Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы сотының сотының сотының судьясы**  
**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ**

**ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН**

**ЕЛДІ СЫЙЛАУ ЗАҢДЫ  
СЫЙЛАУДАН БАСТАЛАДЫ**

Жыл өткен сайын Қазақстанға келетін шетелдіктердің саны артуда. Шекара асып келгендердің көбеюіне себеп көп. Олардың бірі мемлекеттегі саяси тұрақтылыққа сай Қазақстанда өмір сүруді қолайлы көрсе, оқу ақысының төмендігі шетелдік жастардың біздің елге деген қызығушылығын арттыруда.



**Жанболат БЕРДЫБЕКОВ,**  
**Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе басшысы**

Қазақстанға жұмыс іздеп келетіндер де, еліміздің көрікті жерлерін көруді мақсат ететіндер де жетерлік. Өз алдына тәуелсіз мемлекет болған соң, шетелдіктерге шекара ашып қоймай, олардың қауіпсіздігін сақтау, құқығын қорғау да біздің басты міндетіміз.

Өкінішке қарай, шетелдіктердің бәрі бірдей тәртіп сақтап, заңнама талаптарына бағына бермейді. Әрине, қылмыс жасап, темір торға қамалып жатқан шетелдіктер сирек. Десек те, әкімшілік құқық бұзушылығы бойынша жауаптылыққа тартылатындар аз болмай отыр.

Мысалы Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегіне сәйкес, 2023 жылы Алматы қаласы бойынша 10 977 шетелдік әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 1 331-і сот шешімімен елден шығарылған. Есепті кезеңде шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін бұзған 176 жұмыс берушіге әкімшілік шара

қолданылған. Ал 2024 жылғы есеп бойынша Алматыда 4 мыңға жуық шетелдік көші-қон заңнамасын бұзып, 682 шетелдік сот шешімімен елден шығарылған. Жыл басынан бері қалаға 23 мыңға жуық шетел азаматтың келгені белгілі болып отыр.

Кез келген азамат өзі келген елдің заңына бағынуға, заңға қайшы әрекеттер жасамауға тиіс. Бұл сол елге деген құрметтің белгісі. Алайда, статистикалық деректерде анықталғандай шетелдіктер тарапынан заңбұзушылықтар аз болып отырған жоқ. Қонақтар көбінесе көші-қон режимін, тіркеу мерзімін, еңбек шарттарын бұзады. Соның ішінде шетелдіктердің уақытша тіркеусіз жүру, рұқсатсыз жұмыс істеу, көлік жүргізгенде жол ережесін бұзу, қоғамдық тәртіпті бұзу деректері жиі орын алады.

Мұндай заңбұзушылықтар үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне арнайы жауаптылық белгіленген. Соған сәйкес заң бұзған шетелдіктерге айыппұл салу, Қазақстаннан шығару, ел шекарасына кіруіне тыйым салу (5 жылға дейін) шаралары қолданылады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар заңнамада белгіленген мерзім өткеннен кейін шекарадан шығуы керек. Алайда, осындай заңды талаптың бар екенін білсе де, кейбір қонақтарымыз елден кетуге асықпайды. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 517-бабы 4-бөлігінде дәйектелгендей, он тәуліктен асып кеткен кезең ішінде кетуден жалтарған шетелдіктерге 25 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не Қазақстанның шегінен тысқары жерге әкімшілік жолмен шығарып жіберу жауаптылығы қарастырылған. Жақындары мен таныстарының Қазақстан территориясында болу мерзімі өтіп кетсе де, заңдылыққа мән бермейтін азаматтар кодекстің бұл жауаптылықты қаперінде ұстағаны дұрыс. Өйткені елді сыйлау, заңды сыйлаймен тамырлас.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АЙЛЫҚТЫҢ АЗДЫҒЫНАН КӘСІБИ МАМАНДАР СОТ САЛАСЫНАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР

(Соңы. Басы 1-бетте)

**Біріншіден, тіл мәселесі.**  
Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп нақты көрсетілген. Алайда, бүгінгі таңда, Конституциядан туындайтын осы талаптарды өрескел бұза отырып, қазақ тілінің орнына орыс тілі кеңінен қолданылуда. Бұл жағдай мемлекеттік тіліміздің болашағына, оның дамуына теріс әсерін тигізуде. Конституцияның 7-бабынан бастау алған «Тіл туралы» заңның 4-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі делінген. Бұл қазақ тілі басқа тілдерден оқ бойы озық тұрып, өзінің басымдығын сақтап, өзге тілдер қазақ тілінің жетегінде жүруі керек деген мағынаны білдіреді. Алайда, өкінішке қарай, қазіргі жағдай керісінше қалыптасып отыр. Орыс тілі алда келеді, ал мемлекеттік тіл оның жетегінде.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 738-бабына сәйкес іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізу орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады делінген. Бұл жерде қылмыстық және әкімшілік процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығаруы керек. Ол өз кезегінде, қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық істер қозғалған кезден бастап-ақ, тек қазақ тілінде жүргізілуі қажеттігін көрсетеді. Алайда істерде іс жүргізу тілін мемлекеттік тілден басқа шет тілдерге ауыстырғанда уәжді қаулы шығарылмайды, құқық бұзушыға не күдіктіге істі мемлекеттік тілде жүргізуге болатыны түсіндірілмейді. Тек алдын ала дайындалған, «мен орыс тілін білемін, істі орыс тілінде жүргізуге қарсы емеспін» деген бір жапырақ қағазға қол қойдырып алады да, істі орыс тілінде жүргізе береді. Осылайша, іс заңсыз орыс тілінде жүргізілсе, кейбір жағдайда іс жүргізу тілін ауыстыру қаулысы тергеу амалдары басталғаннан бірнеше айдан кейін де шығарылуы мүмкін. Бұл кемшіліктер өкінішке орай, прокуратура тарапынан көп жағдайда ескерусіз қалуда.

Меніңше, елімізде тек бір ғана мемлекеттік тіл бар екенін, ол – қазақ тілі екенін ескере отырып, оған барынша басымдық беру қажет. Мемлекеттік тіл мәселесі – ел болып, қоғам болып бірлесіп шешетін маңызды мәселе. Ал біздер бүгінгі күні қазақ тіліне нақты қажеттілік туындата алмай отырмыз. Өйткені, құқық қорғау органдары, басқа да мемлекеттік органдар істі мемлекеттік тілде жүргізуге мүдделі емес. Соның салдарынан қазақ тілінің қажеттілігі төмендеп, аудармашыларға

деген сұраныс азайып отыр. Себебі, бүгінгі күннің сот практикасында істердің басым көпшілігі орыс тілінде қаралғандықтан, аудармашының көмегіне өте сирек жүгінеді, өйткені біздің елде орыс тілін білмейтіндер жоқтың қасы.

Осы мәселені шешудің бірден-бір жолы – құқық қорғау органдары мен соттар жоғарыда айтылған заңдарды басшылыққа ала отырып, ел Президенті айтқан заңның үстемдік құруын қамтамасыз ете отырып, әділеттілік үшін қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық істерді тек мемлекеттік тілде жүргізуі қажет. Сол үшін, бүгінгі күннен бастап, барша



*Салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, атқарушы билік өкілдерінің еңбекақысы сот саласында еңбек ететін мамандарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, олар әртүрлі мерекелер мен тоқсан сайын сыйақы алып отырады. Ал облыстық және аудандық деңгейдегі сот қызметкерлері мұндай сыйақылардан көбіне тыс қалып жатады. Мұның соңы білікті, білімді, сот саласында мол тәжірибе жинақтаған алдыңғы буын мамандарымыздан айырылуға әкелуде.*

ұлтжанды әріптестерім уәжді, уәжсіз қаулыларды оңды-солды шығарып, іс жүргізу тілін мемлекеттік тілден басқа тілдерге ауыстыруды тоқтатып, істерді мемлекеттік тілде жүргізіп, іс жүргізу тілін жетік меңгермеген процессуалдық тұлғалар үшін аудармашы тағайындап, олардың Конституциялық құқығын қамтамасыз етсе құба-құп. Ал, азаматтық істер бойынша қолданыстағы Азаматтық және «Тіл туралы» заңның талаптарын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік мекеме басшыларынан сотқа беретін талап-арыздарын тек мемлекеттік тілде беруін талап етіп, бұл талап орындалмаған жағдайда жекеше қаулы шығарылуы тиіс. Қазақ тілі барлық салада толыққанды қолданылып, мәртебесі артуы үшін, заң аясында осындай нақты әрі батыл қадамдарға бару керек. Өз елімізде өз тіліміздің беделін өзіміз көтермесек, бұл істі ешкім келіп жасап бермейді. Егер істер мемлекеттік тілде жүргізілсе, әрбір іске кәсіби аудармашы қажет болып, маманға деген сұраныс артады.

Қазіргі жағдайда біз өз елімізде істердің көбіні орыс тілінде жүруіне байланысты қазақтілді азаматтарға аудармашы тағайындау арқылы оларға ыңғайсыздық тудырамыз. Егер іс тек қазақ тілінде жүріп, қазақ тілін білмейтіндер үшін аударма қажет болса, бұл мәселеге деген қоғамның көзқарасы өзгерер еді.

Сондай-ақ, жоғары оқу орнына түсетін студенттерден бастап адвокатураға, тергеуге, прокуратура, сот саласына жалпы мемлекеттік қызметке келетін үміткерлердің бәрін мемлекеттік тілді білуді талап ететін уақыт жетті. Мемлекеттік тіл мәселесі таразы басында тұрғанда жоғары

талап қоюдан тайсалмауымыз керек. Бізден басқа әлемнің ешбір елінде сол елдің мемлекеттік тілін білмейтін азаматтар мемлекеттік қызметтерде оның ішінде заңгер болып жұмыс істей алмайтынын баршамыз жақсы білеміз. Мемлекеттік тілді меңгермеген адамның, басқа елдердегідей қарға адым жасауы қиындық тудыруы керек. Бұл мемлекеттік тілді мәртебесін сақтау мен барлық азаматтар құқығын тең дәрежеде қорғау принципін ұстануға мүмкіндік береді. Тіл мәселесі еліміздің тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін маңызды болғандықтан, қазақ тілі сот жүйесінде, жалпы қоғамда басты тіл ретінде толыққанды қолданылуы керек.

**Екіншіден, сот жүйесіндегі аудармашының төлемсіз азы.** Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл мәселе елімізде көптен көтерілгенімен, әлі күнге дейін шешімін таппай отыр. Сот процесіндегі аудармашының рөлі өте маңызды, өйткені олар құқықтық процестің әділдігін қамтамасыз ету үшін барлық қатысушыларға, әсіресе тілдік кедергісі бар азаматтарға өз құқығын түсіну мен қорғау мүмкіндігін береді. Алайда, осы маңызды қызметке төленетін ақы өлі де өте төмен деңгейде. Бұл өз кезегінде аудармашылардың кәсіби жұмысын лайықты бағалауға кедергі келтіреді.

Мысалы, Азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша аудармашыларға төленетін сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 601 қаулысымен, ал, қылмыстық істер бойынша төленуі тиіс сомалар ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы №1070 қаулысымен реттеледі. Ол бойынша орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше

аударғандар ақысы – АЕК-тің екіден бірінен (1/2 немесе 0,5-інен) аспайды. Бұл қазіргі жағдайда 1 966 теңге ғана, тағы бұл соммадан ұсталынатын салығы бар. Көрсітпей отырмай, егер Ресейде сот аудармашылар бір сағаттық жұмысы үшін 7 500 теңгеден басталатын ақы алады. Бұл біздің соттағы аудармашылар өтемақысынан айтарлықтай жоғары.

Егер аудармашы сауатсыз болса немесе өз жұмысына салғырт қараса, сот процесіндегі тараптардың теңдігі бұзылып, сот төрелігіне нұқсан келетіні даусыз. Ал, білікті маманды тарту тағы да оның өтемақысына, сыйақысына тәуелді. Тіпті жол шығынын өтеуге жетпейтін қаражатқа сауатты аудармашыны қалай таппақпыз?! Аудармашы төлемсіздігінен аз болуы олардың жұмыс сапасына және мотивациясына теріс әсер етеді. Кәсіби аудармашылар еңбекақысының төмендігі олардың еңбек жағдайын қиындатады, мамандардың өтеуіне қызығушылығы мен ынтынасына теріс ықпал етуі мүмкін. Мұндай жағдай аудармашылардың өз кәсібін тастап, басқа жұмыс іздеуге мәжбүр болуына немесе жұмыс сапасының төмендеуіне әкеледі.

Сот процесі – әділдік пен құқық қорғау жүйесінің негізі болып табылады, ал аудармашылар бұл жүйедегі тілдік байланысты қамтамасыз етуші көпір. Олардың қызметі тек сөзбе-сөз аударма жасаумен шектелмейді, олар сот барысында заңды, техникалық терминология мен мәдени ерекшеліктерді де ескере отырып, дәл әрі түсінікті аударма жасауға міндетті. Әрбір қателік немесе дұрыс аударылмаған сөз адам құқықтарына теріс әсер етуі мүмкін, себебі сот шешімдері, негізінен, азаматтардың өмірін, мүлкін және бостандығын анықтайтын маңызды құжат. Сондай-ақ, аудармашылардың біліктілігін арттыру мақсатында тұрақты оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру, мемлекеттік органдар мен сот аударма қызметін қаржыландыру мәселесін қайта қарау қажет. Төлемсіздігінің әділ және адал болуы аудармашылардың өз ісіне деген жауапкершілігін күшейтеді, құқықтық жүйеде әділеттіліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

**Үшіншіден, сот қызметкер-**

**лерінің әлеуметтік жағдайы төмен.**

Сот қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы төмен, әсіресе олардың жалақысы аз. Сот жүйесінің қызметкерлері – елдің құқықтық жүйесінің тірегі, қоғамдағы әділеттілікті, заңның үстемдігін қамтамасыз етуші мамандар. Алайда, сот қызметкерлерінің еңбекақысы атқарған жұмысының маңыздылығына сәйкес келмейді. Бұл жағдай олардың кәсіби мотивациясына, жұмыс тиімділігіне және жалпы сот жүйесінің сапасына теріс әсер етеді.

Жалақының төмен болуының нәтижесінде бірқатар келеңсіз құбылыстар байқалады. Егер салыстырмалы түрде қарастырар болсақ, атқарушы билік өкілдерінің еңбекақысы сот саласында еңбек ететін мамандарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, олар әртүрлі мерекелер мен тоқсан сайын сыйақы алып отырады. Ал облыстық және аудандық деңгейдегі сот қызметкерлері мұндай сыйақылардан көбіне тыс қалып жатады. Мұның соңы білікті, білімді, сот саласында мол тәжірибе жинақтаған алдыңғы буын мамандарымыздан айырылуға әкелуде.

Бүгінгі күні сот саласынан білімді, тәжірибелі мамандар жалақының мардымсыз болуына байланысты өзіне лайықты жалақы мен жағдай ұсынатын басқа салаларға ауысуда. Сол себепті төмен жалақы мен әлеуметтік қорғаныстың жеткіліксіздігі сот жүйесіне маман тарту мен олардың әрі қарай қызмет етуінде қиындық тудырады. Бұл – сот жүйесі үшін үлкен қауіп. Себебі әділет саласында жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен терең білім – кез келген реформадан да маңызды құндылық. Мұны ескермеу сот жүйесінің кәсіби деңгейін төмендетіп, сот төрелігінің сапасына кері әсерін тигізеді. Білікті мамандардың тапшылығы сот жүйесіне ауыр жүк артады, өйткені жаңа қызметкерлерді оқыту және олардың кәсіби деңгейін көтеру үшін қосымша уақыт пен ресурс қажет. Сондықтан да сот қызметкерлерінің еңбекақысы мен әлеуметтік жағдайын жақсарту – уақыт күттірмейтін, жүйелі түрде шешімін табуы тиіс маңызды мәселе.

Төмен жалақының тағы бір қауіпті салдары – сыбайлас жемқорлыққа әкеледі. Қаржылық қиындықтарға тап болған кейбір сот қызметкерлері, заңсыз табыс көзін іздеуге мәжбүр болуы мүмкін. Бұл жағдай қоғамдағы заңдылық пен әділеттілікке деген сенімді бұзып, сот жүйесінің беделіне үлкен зиян келтіреді. Жемқорлықты тоқтату үшін сот қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру және оларға лайықты жалақы төлеу – ең маңызды шараның бірі.

Бұл ретте келесі ұсыныстарды қарастыру маңызды:

1. Сот қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру;
  2. Тоқсандық және мерекелік сыйақылар жүйесін енгізу;
  3. Әлеуметтік кепілдіктер мен қосымша жеңілдіктерді қарастыру;
  4. Біліктілік пен жұмыс өтіліне байланысты үстемәқылар енгізу;
  5. Кәсіби дамуға арналған қолдау бағдарламаларын іске асыру.
- Бұл ұсыныстар тек сот жүйесінің сапасын көтеріп қоймай, қоғамдағы әділдік пен заңның үстемдігін қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Әділетті қоғам құрамыз десек, ең алдымен, әділет жолында еңбек етіп жүрген азаматтарға қажетті жағдай жасауымыз керек.

**Досжан ӘМІР,  
Қазақстан Судьялар  
одағының төрағасы**

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ

## ДЕЛДАЛДАРҒА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

Көлік құралдарын міндетті сақтандыру полистерін (АҚЖС) делдалдар арқылы сатып алу жағдайы әлі азаймай тұр. Сақтандырушылардың айтуынша, мұндай схемалар сақтандыру компанияларына тұтынушылармен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді. Делдалдардың бұл әрекеттері алаяқтыққа қатысты қауіп-қатерлерді азайтуға кедергі болуда.

Осыған қарамастан кейбір сақтандыру агенттері қайта маманданып, қызмет түрлерін өзгертті. Олар сақтандыру полистерін өздеріне сатуда. Яғни көлік иелерін сайт арқылы полистерді сатып алу қиын және сенімсіз екеніне сендіріп, делдал арқылы сатып алуға көндіреді. Сатып алушыны сендіргеннен кейін сақтандыру компаниясының сайтына немесе мобильді қосымшасына кіріп, клиент пен оның көлігі туралы мәліметтерді енгізіп, сақтандыруды рәсімдейді. Сақтандыру компаниясы үшін заңды

тұрғыда делдал сатып алушы ретінде танылады да, оған кэшбэк төленеді. Осылайша агенттер өз клиенттерінен де, сақтандыру компанияларынан да табыс алады.

Мұндай схемада бірқатар тәуекел бар. Сақтандыру компаниялары барлық жағдайда тек сақтандыру полисі кімге рәсімделсе, сонымен ғана байланыста болуға құқылы. Егер клиент полисті тікелей емес, делдал арқылы сатып алса, онда көлік иесі полиске жаңа адамдарды қоса алмайды немесе ондағы көлікті

өзгерте алмайды. Келісімшартты делдалдың қатысуынсыз қайта рәсімдеу де мүмкін болмай қалады. Делдал қажет болған жағдайда таба алмай қалатын жағдайлар өте көп. Олар демалыста жүрген, байланыс аясынан тыс жерде болған немесе жай ғана телефон тұтқасын көтермеген. Мұның бәрі көлік иесі үшін айтарлықтай қиындық туғызады.

«Сақтандырушы мен көлік иелері үшін тікелей сақтандыру компаниясының сайты арқылы мәмілені онлайн түрде рәсімдеу жеңілдеді. Бұл – агент арқылы полис алудан жылдамырақ және арзанырақ болады, өйткені агенттік комиссия төлеудің қажеті жоқ. Біз барлық көлік иелеріне сақтандыру шарттарын тек сақтандыру компанияларымен тікелей жасасуды қатаң түрде ұсынамыз. Бұл – делдал қызметіне жүгінуден арзанырақ, қауіпсіз әрі сенімді. Егер сіз алғаш рет полисті онлайн түрде сатып алып жатсаңыз және көмек қажет болса, сақтандыру компаниясының қолдау қызметі сізге WhatsApp арқылы, телефон арқылы немесе ресми сайт арқылы кеңес бере алады. Сондай-ақ сақтан-

дыру компаниясының кеңсесіне келіп, мамандардың көмегіне жүгіне аласыз – мұның бәрі тегін. Ақшаны делдалдарға – сақтандыру агенттеріне беру – бұл тәуекел, әрі ешқандай мағынасы жоқ», – дейді Freedom Insurance» сақтандыру компаниясының басқарма төрағасы Азамат Керімбаев.

Оның айтуынша, барлық сатып алушының сақтандыру шартына қол қойған сәттен бастап 14 күн ішінде оны бұзу және төленген қаражатты қайтарып алу құқығы бар. Алайда арал емес делдалдар осы мүмкіндікті өз пайдасына пайдаланып кетуі мүмкін. Олар қаражатты өз картасына қайтарып алады да, полисті сатып алған көлік иесі сақтандырусыз жүргенін тек жол полициясы тоқтатқанда ғана біледі. Бұл жағдайда көлік иесіне айыппұл салынып қана қоймай, егер жол-көлік оқиғасы болса, сақтандыру төлемін де алмайды, өйткені делдал оның келісімсіз шартты бұзған.

**Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»**

ТАЛАП

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕУІ – АБСУРД

Мемлекеттік тілдің мерейін көтеру, өз биігінде қолдану баршамыздың міндетіміз. Соған орай Текелі қалалық сотының өндірісіне түсетін арыз-шағымдарды үнемі сараптап отырамыз. Талдау барысында байқағанымыздай, тараптардан түсетін арыз-шағымдардың бірен-сараны болмаса, басым бөлігі орыс тілінде жазылып, жолданады. Арыз орыс тілінде түскен соң, кейін істер заңнама талабына сәйкес сол тілде жүргізіледі.

Әрине, сотқа қай тілде жүгіну азаматтардың өз қалауы. Алайда, тұрмыстық жағдайда да, қызмет бабында да, жалпы өмірде де қазақ тілін бірінші қатарға қою маңызды. Ұлттық рух қазақ тілінің құрметіне айналғанда ғана тілдің қолданысы кеңейеді.

Құзырлы органдардағы іс құжаттарын мемлекеттік тілге біртіндеп көшіру мәселесі де көңілдегідей болып тұрған жоқ. Бұл мәселе сот жүйесінде де күрделі күйінде, аудармашылардың ығында қалып отыр. Егер «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұлағатты сөзді берік ұстанып, білек сыбана кіріссек алынбайтын қамал, атқарылмайтын жұмыс болмайды.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабына сәйкес елімізде қылмыстық және азаматтық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Яғни, мемлекетімізде сот ісі қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Мемлекеттік тілмен бірге орыс тілі, басқа да тілдер қолданылуы мүмкін. Онда да қажет болған жағдайда ғана қолданылатыны нақтыланған. Құқықтық



**Олег АНИСИМОВ,**  
Текелі қалалық сотының  
төрағасы

мемлекеттік тілді меңгермеуі абсурд. Екіншіден, біздегі арыз-шағымдардың көпшілігін азаматтар заңгерлер мен адвокаттар кеңесіне сүйене отырып жазады. Ал адвокаттар мен заңгерлердің басым бөлігі қазақша білмейді. Соттағы

мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын көбейтуге бұл да кедергі. Өйткені лицензия алуда бұл лауазым иелеріне тілге байланысты талап қойылмаған. Сондықтан адвокаттар қорғауындағы азамат жетік білетін тілде емес, өзі еркін сөйлей алатын тілде арыз жазғанды құп көреді. Үшіншіден, бізде арыз-шағымдардың үлгілері орыс тілінде жазылған деген сылтаумен талабын орысша жолдайтындар жеткілікті. Мұндай азаматтарға да арыз-шағымдардың мемлекеттік тілде жазылған үлгісін көрсетіп, өз талабын қазақша жазуына көмектесу керек.

Текелі қалалық сотының жұмысы осы бағытта ауқымды жұмыстарды қолға алып келеді. Бірігіп атқарған іс-шаралардың оң нәтиже береріне сенеміз.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

*Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді білмейтін адам жұмыс істемеуге тиіс. Мемлекет мүддесі үшін қызмет етіп, мемлекеттің саясатына сай жұмысын жүргізіп отырған маманның мемлекеттік тілді меңгермеуі – абсурд. Екіншіден, біздегі арыз-шағымдардың көпшілігін азаматтар заңгерлер мен адвокаттар кеңесіне сүйене отырып жазады. Ал адвокаттар мен заңгерлердің басым бөлігі қазақша білмейді. Соттағы мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын көбейтуге бұл да кедергі.*

тұрғыдан сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу нормасы жоғары тұруы тиіс. Алайда, осы бап көлеңкеде қалып, азаматтар конституциялық құқығым деген желеумен өзі білетін, өзіне ыңғайлы тілде сотқа жүгінуі жөн көреді.

Республика соттарында мемлекеттік тілдегі істер санын арттыру өзекті мәселе. Соған орай іс құжаттары мен сот процестерінде қазақ тілін қолдануға, тілдік дағдыларды арттыруға байланысты бірқатар міндеттерді шешу қажет. Ең алдымен мемлекеттік мекемелерге, банктер мен қаржы ұйымдарына құлаққағыс жасап, құжаттарды тек мемлекеттік тілде рәсімдеп, шағымдарды қазақша жолдауға шақыру маңызды. Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді білмейтін адам жұмыс істемеуге тиіс. Мемлекет мүддесі үшін қызмет етіп, мемлекеттің саясатына сай жұмысын жүргізіп отырған маманның

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

# EGOV BUSINESS – КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ КӨМЕКШІСІ

Енді жеке кәсіпкерлер, шағын және орта бизнес өкілдері өз бизнесін бірнеше қадам арқылы басқара алады: жаңартылған eGov Business қосымшасындағы жеке кабинет компания туралы барлық ақпаратты біріктіреді, AI-чат-боттар шешімдерді ұсынса, Салық күнтізбесі төлем мерзімдерін автоматты түрде еске салады. Мұның бәрі отандық кәсіпкерлерге eGov Business мобильді қосымшасының жаңартылған нұсқасында қолжетімді.



Өз бизнесін жаңа бастап жатқан кәсіпкерлерге, соның ішінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелгісі келетіндерге «ЖК тіркеу» және «ЖШС тіркеу» қызметі қолжетімді. eGov.kz веб-сервисімен және серіктес платформаларымен жетілдірілген интеграция деректерді өңдеу үдерісін жеделдетіп, операцияларды орындау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, eGov Business-те кәсіпкердің жеке кабинеті басқарудың әмбебап панеліне

айналды. Компания туралы барлық ақпарат, соның ішінде заңды тұлға, лицензиялар мен филиалдар туралы мәліметтер бір жерде жинақталған.

Қосымшаның маңызды жаңалығы – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің тәуекелдерді басқару сервисі. Бұл сервис кәсіпкерлерге алдағы тексерулер туралы алдын ала хабарлап, тексеруге дайын болуға және ықтимал тәуекелдерді барынша азайтуға көмектеседі.

Бүгінде eGov Business – жай ғана

қосымша емес, шағын және орта бизнестің процестерді оңтайландырып, цифрлық технологиялардың мүмкіндігін барынша тиімді пайдалануға көмектесетін толыққанды цифрлық құрал. Мобильді қосымша кәсіпкерлерге дұрыс шешім қабылдауға ғана емес, сонымен қатар бизнесті дамытып, бюрократиялық рәсімдерді азайтып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қосымшада 32 қызмет қолжетімді, бұл бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттестікті едәуір жеңілдетеді. Бұдан бөлек, команда қосымшаның функционалын айтарлықтай жақсартты. Тестілеу барысында сыртқы веб-сервисер мен платформалар арқылы ауқымды интеграциялық жұмыстар жүргізіліп, сервистердің үздіксіз жұмыс істеуі мен барынша тиімділігі қамтамасыз етілді.

Ұлттық статистика бюросының есебіне қарағанда, бүгінге дейін елімізде тіркелген заңды тұлғалар саны – 543725, дара кәсіпкерлердің субъектілері – 1839358, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары – 30393, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері – 2314201 бірлікті құрады. Мәселен, өлшем бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 2311201-і шағын, 3059-ы орта кәсіпкерлік субъектілері.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ

Қылмыстық-процестік кодексіне мен іс жүргізуге, сотталушы немесе сотталған тұлға арасында жасалатын келісім. Кодекстің 612-бабының 1-бөлігіне сәйкес, процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру дәрежесі онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіссе, кінәні мойындау мәмілесі түрінде жүзеге асырылады.

# ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМГЕ КЕЛУДІҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Заңнамаға орай процестік келісімнің екі түрі қарастырылған: кінәні мойындау туралы мәміле және ынтымақтастық туралы келісім. Бұл жіктеу процестік мәмілелердің түрлері бойынша логикалық және негізді болып табылады. Егер күдікті мен прокурор арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалса, жәбірленушінің келісімі қажет емес. Мұндағы қылмыстық қудалау органдарының негізгі мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін қылмыстарды анықтау, оларды жасаған адамдарды табу және қылмыстық жауапкершілікке тарту. Кінәні мойындау туралы сотқа дейінгі келісім күдіктінің шын өкінуімен ерекшеленеді.

Сотқа дейінгі келісім кезінде сотталушыға сот ісін жүргізу мерзімін қысқарту ұсынылады. ҚР ҚПК-да белгілі бір жалпы шарттарды сақтаған жағдайда кінәні мойындау туралы мәмілеге рұқсат етіледі. Мұндай мәміле аса ауыр қылмыстардан басқа, барлық қылмыс санаттарына қатысты болуы мүмкін. Кінәні мойындау сотта қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде қарастырылады. Егер бірінші сатыдағы сотта сотталушы кінәні мойындау туралы мәміле жасауға өтініш білдірсе, прокурор мен сотталушы арасында келісім жасалса, сот талқылауы қысқартылған тәртіпте өтеді.

ҚР ҚПК-нің 382, 624-баптарында сот процесі тек сотталушыдан жауап алу, мәміленің мән-жайларын нақтылау, азаматтық талап қою бойынша төлемдердің мерзімі мен тәртібін, сондай-ақ іс жүргізу шығындарын анықтаумен шектеледі. Жәбірленуші, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер сот отырысына шақырылмайды, бірақ қажет болған жағдайда онлайн режимінде қатыса алады. ҚПК-нің 622-бабына сәйкес, егер сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңінде немесе сот талқылауы барысында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасалса, сот істі келісімдік іс жүргізу тәртібінде қарауға міндетті.

Сонымен қатар, осы кодекстің 624-бабына сәйкес, келісімдік іс жүргізу кезінде сот отырысына прокурор, сотталушы және оның қорғаушысы қатысады, ал жәбірленуші, азаматтық талапкер және олардың өкілдері сот отырысына шақырылмайды. ҚПК-нің 625-бабына сәйкес, сот істі қысқаша қарап, прокурордың қорытындысын және сотталушы мен қорғаушының процестік келісімнің мән-жайы туралы айтқан сөздерін тыңдап, істі қарауды аяқтайды. Осылайша, қылмыстық іс келісімдік іс жүргізу тәртібімен қаралғандықтан және қолданыстағы процестік заңнамада іс бойынша нақты дәлелдемелер жиынтығы немесе қайта тергегуге жолдау мүмкіндігі қарастырылмағандықтан, ҚПК-нің 626-бабына сәйкес, сот іс бойынша саралануы, азаматтық талап мөлшері жөнінде күмән болмаған жағдайда, процестік келісімге сәйкес сотталушыға жаза тағайындап, азаматтық талап қою және басқа да өндіріп алу жөнінде шешімі бар айыптау үкімін шығарады.

Заңға сәйкес, егер сотталушы процестік келісімде көрсетілген жазаның түрі немесе мөлшерімен келіспесе, жаңа процестік келісім жасау үшін қылмыстық істі прокурорға қайтару мүмкіндігі бар. Алайда, ҚПК-нің 616-бабы 1-бөлігінің 8-тармағына сәйкес, прокурор сот алдында өтініш-хат беріп, жазаның түрі мен мөлшерін көрсетуі міндетті. Прокурор ҚК-нің осы қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін бабына, бөлігіне және тармағына сәйкес жазаны анықтауы қажет.

Келісімдік іс жүргізу тәртібінде қылмыстық істі қарау мерзімі он тәулік, ал ерекше жағдайларда жиырма тәулік. Егер басты сот талқылауы барысында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасау туралы өтінішхат түссе, келісім жасау үшін ақылға қонымды мерзім беріледі. Бұл жағдайда қылмыстық іс прокурорға жіберілмейді, сотта қалады. Сот жаңа келісім жасауға мүмкіндік беріп, істі прокурорға қайтаруға да құқылы. Процестік келісім жәбірленуші мен азаматтық талапкердің осы қылмыстық іс бойынша немесе азаматтық іс жүргізу тәртібінде азаматтық талап қою құқығын шектемейді. Тараптардың процестік келісім жасаудан бас тартуы оны қайта жасау туралы өтініш білдіруге кедергі болмайды.

**Е.АЛИПКАЛИЕВ,**  
Жәнібек аудандық сотының төрағасы  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

# АПОСТИЛЬ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне өзгерістер енгізіліп, соған сәйкес Сот әкімшілігі департаментінің аумақтық бөлімшелері өтініштерді қабылдауға және «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» қызметін көрсетуге уәкілетті. Апостильдің сот құжаттарына қосылуы Гаага конвенциясына қатысушы елдердің ресми мекемелерінде құжат жарамдылығын растау үшін керек.

Апостиль – қазақ тіліндегі кемінде 9x9 см-ді құрайтын төртбұрышты мөртабан. Онда міндетті түрде «Apostille» тақырыбы және 1961 жылғы Гаага конвенциясына француз тілінде сілтеме бар.

Апостиль мөрін қою қызметі заңды және жеке тұлғаларға ұсынылады. Мемлекеттік қызмет үшін 1 АЕК-тің 50% мөлшерінде ақы төленеді. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз түрінде ұсынылады. Апостиль қоюға өтінішті «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беруге болады. Бұл жағдайда www.egov.kz порта-

лынан қызмет алушының «жеке кабинетіне» өтінішті қарау мәртебесі туралы хабарлама келіп түседі.

Апостильде қоятын мөртабан растауды немесе заңдастыруды талап етпейді. Осыған байланысты апостиль қойылған құжатты Гаага Конвенциясына қатысушы елдердің кез келгенінде пайдалануға болады.

**Арман ШАЙМЕРДЕНОВ,**  
Сот әкімшілігінің  
Қостанай облысы  
бойынша департаментінің  
бас маманы



# БАҚ-тар АРАСЫНДА БИЛІККЕ СЫН АЙТАТЫНДАР АЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

## – Сонда біздегі сөз еркіндігінің деңгейі қандай?

– Қазақстандағы сөз еркіндігінің нақты шекарасы бар. Яғни, белгілі бір деңгейге дейін еркінсің, бірақ сол еркіндік шекарасын аттаған сәтте қысым мен бақылау басталады. Біздегі журналистика көбіне «снайперлік журналистика» сипатында: кез келген нәрсені нысанға алып, айтуға болады. Бірақ биліктің ең жоғарғы буынына, оның әрекетіне немесе шешімдеріне тіке тиюге болмайды. Бұл – бейресми, бірақ нақты сезілетін шекара. Мұндай жағдайда журналистердің көпшілігі өзін-өзі цензураға мәжбүр. Бұл журналистиканы іштен құртады. Яғни шындықты айтуға ұмтылған журналистің өз ішіндегі шекара қорқынышы – сөз бостандығына төнген ең қауіпті қысым. БАҚ-тар арасында билікке тіке сын айтатындар өте аз. Көпшілігі мәселені жанама айтып, негізгі түйінді айналып өтуге тырысады. Мұндай жағдайда журналистика ақпарат тарату емес, маневр жасау өнеріне айналып кетеді. Ал бұл – сөз еркіндігінің табиғатына қайшы. Сөз бостандығы – демократиялық қоғамның тірегі. Егер журналист билікке еркін сұрақ қоя алмаса, қоғам да шындыққа жете алмайды. Сондықтан бұл мәселе тек БАҚ-тың емес, бүкіл қоғамның проблемасы ретінде қаралуы тиіс.

## – Қазақстанда фактчек журналистика қалай дамып жатыр?

– Фактчек соңғы жылдары қарқын ала бастағанымен, әлі де шектеулі жағдайда дамып келеді. Бұл бағытта қызығушылық бар, әсіресе жас журналистер арасында. Олар жалған ақпаратпен күресу, деректерді тексеру, манипуляцияларды әшкерелеу сынды әдістерге үйреніп, медиа сауатты болуға тырысып жүр. Алайда шынайы фактчек – бұл жай ғана мәліметтің рас-өтірігін анықтау емес. Бұл – билік өкілдерінің мәлімдемелерін тексеру, қоғамдық дискуссияны дәлелдеу сүйеніп жүргізу, қоғамға ықпал ететін ақпараттың шындығын ашу. Осындай терең



деңгейдегі фактчек материалдарын қазіргі таңда Қазақстанда тек санаулы ғана редакциялар шығарып отыр. Оның өзінде көбінесе халықаралық ұйымдар қаржыландыратын, тәуелсіз БАҚ-тар ғана.

Билікке бағынышты немесе мемлекеттік қолдауға тәуелді медиалар тек «қауіпсіз» деген тақырыптарды тексереді: денсаулық, ауа райы, тұрмыстық кеңестер. Мысалы, «Сарымсақ тұмауға көмектесе ме?» немесе «Лимон иммунитетті күшейте ме?» деген сияқты зерттеулер ғана жарық көреді. Ал саяси мәлімдемелерді тексеру, билік өкілдерінің сөздерін дәлелдеу немесе жоққа шығару секілді деңгейге олар бара алмайды. Себебі шынайы фактчек – әрқашан тәуекелмен байланысты.

## – Журналистердің құқығы заң жүзінде қаншалықты сақталады?

– Журналистің құқығы қағаз жүзінде ғана бар. Әсіресе, сыни зерттеу жүргізу немесе сұрау салу кезінде журналистер заңмен

қорғалмағанын нақты сезінеді. Заң қағаз жүзінде жұмыс істегенімен, нақты жағдайларда журналистердің заңмен қорғалуы көбінесе қамтамасыз етілмейді. Әсіресе билікке қарсы сын айтқан немесе журналистік зерттеу жүргізген кезде, журналист құқық қорғау органдары тарапынан қысым көруі мүмкін. Мысалы, ресми сұранысқа жауап бермеу, журналисті брифингке кіргізбеу, түсірілімге кедергі келтіру – жиі кездесетін жайттар. Қарапайым азамат та мұндай жағдайларда заң бұзылғанын сезінеді, бірақ журналисттің жағдайы одан да қиын, себебі ол кәсіби міндетін орындап жатқан сәтте заңсыздыққа ұшырайды. Кейбір БАҚ өкілдері тіпті сұхбат алу кезінде психологиялық қысымға тап болады немесе қызметтік куәлігін көрсетуіне қарамастан, «журналист емес» деген сылтаумен шеттетіліп жатады. Мұның бәрі – заңның бар екенін, бірақ орындалмайтынын көрсететін көріністер.

– Қазіргі оқырман мен

## көрерменнің БАҚ-қа деген талғамы қалай өзгерді?

– Қазіргі аудитория – бұрынғыдан өзгеше. Ол енді тек ресми ақпаратпен шектеліп отырмайды. Әлеуметтік желідегі парақшалар, блогтар, Telegram арналар – бәрі дербес ақпарат көзіне айналды. Сондықтан оқырман мен көрермен БАҚ-тан бұрынғыдай жаңалықтың өзін емес, ақиқат пен терең талдауды күтеді. Оқырман енді жай «не болды?» дегенге емес, «неге болды, салдары қандай?» дегенге жауап іздейді. Бұл – аудиторияның сапалық өсімі. Бірақ сонымен қатар бұл БАҚ-қа қойылатын талапты да арттырады. Егер журналист шынайы, анық, дәлелді ақпарат бермесе, оқырман оны бірден тастап кетеді. Қазір аудитория үшін сенім – басты құндылық. Мысалы, жаңалық шыққан бойда көрермен әлеуметтік желіден бейресми видеоларды, куәгер пікірлерін қарайды. Егер БАҚ сол материалға кешіксе немесе оны жарияламауға тырысса – сенім жоғалады. Сондықтан бүгінде БАҚ жылдам болумен қатар, дәлелді және әділетті болуға міндетті.

## – Журналистер арасындағы бірлік пен қолдаудың рөлі қандай?

– Қысымға ұшыраған әріптесті қолдау маңызды. Оны ашық жазу, сол туралы тұрақты түрде ақпарат тарату – ең тиімді көмектің бірі. Ал биліктің тапсырмасымен жалдамалы аккаунттар арқылы жасанды қолдау көрсету – жиіркенішті әрекет.

## – «Жалған ақпарат тарату» бабы орынды қолданылып жүр ме?

– «Жалған ақпарат тарату» бабы соңғы жылдары еркін ой айтатын журналистерге қарсы қолданылып жүрген негізгі құқықтық құралға айналды. Бұл баптың түпкі мақсаты – қоғамда хаос пен үрей туғызатын жалған мәліметті тоқтату болуы тиіс еді. Алайда практикада бұл норма көбіне билікті сынаған журналисті қорқыту, жауапкершілікке тарту үшін қолданылады. Мысалы, Қаңтар оқиғасы кезінде ресми органдар тарапынан таратылған кейбір мәліметтердің кейін шындыққа сәйкес келмейтіні анықталды. Бірақ сол жалған ақпаратты таратқан ше-неуніктердің ешқайсысы жауапқа тартылған жоқ. Ал қарапайым журналист бір пост немесе пікір үшін жазалануы мүмкін. Яғни бұл бап фейкпен күресуге емес, еркін сөзді тұншықтыруға бағытталып кеткен. Мұндай жағдай – заңның біржақты және әділетсіз қолданылуының айқын белгісі. Егер мемлекет шы-

нымен жалған ақпаратпен күрескісі келсе, онда бұл бап ең алдымен фейк фабрикаларын, бот-аккаунттарды және әдейі манипуляциямен айналысатын топтарды жазалауға арналуы тиіс.

## – Фейк ақпараттың таралуы кімнің кінәсі?

– Бұған жауапты – нақты сол фейкті әдейі таратқан адам. Бұл – кейде әлеуметтік желідегі анонимді парақша, кейде белгілі бір мүдде үшін жұмыс істейтін троллдар, кейде тіпті ресми емес ақпаратпен манипуляция жасайтын топтар болуы мүмкін. Журналистердің міндеті – жалған ақпаратты таратпау және оның алдын алу. Алайда, кейде журналист фейкке алданып қалуы мүмкін. Бұл – қасақана тарату емес, кәсіби қателік. Сондықтан «Жалған ақпарат тарату» бабы журналистерге емес, әдейі фейкпен айналысатындарға бағытталуы тиіс. Ал аудиторияның да жауапкершілігі бар. Медиа сауаты төмен аудитория кез келген ақпаратқа сене салады, жалған ақпаратты бөлісе береді. Сол себепті бұл мәселенің шешімі тек жазалаумен емес, жаппай медиа сауаттылықты арттырумен реттелеуі керек.

## – Журналистика мамандығының болашағы туралы не айтасыз?

– Журналистика – қоғаммен қатар жүретін, тіпті кейде қоғамнан бұрын өзгеруі тиіс сала. Өкінішке қарай, Қазақстандағы кейбір ЖОО-ларда бұл мамандықты әлі де 90-жылдардағы бағдарлама бойынша оқытып жатыр. Оқу форматы, әдістемесі, техникалық базасы – бәрі ескірген. Тіпті, кей оқытушылар қорғаған диссертациясын 15 жылдан бері өзгеріссіз оқытып жүр.

Бүгінгі журналист тек мәтін жазатын маман емес. Ол – фото-видео түсіре алатын, дерекпен жұмыс істейтін, аналитика жасай алатын әмбебап тұлға. Бұл үшін студенттерге теориямен қатар практика қажет. Соңғы жаңалықтармен, заманауи платформалармен жұмыс істеуді үйрету керек. Дегенмен, соңғы жылдары кейбір жоғары оқу орындары шынайы өзгеріске бет бұрып жатыр. Олар қазіргі медиа саласында жұмыс істеп жүрген практик мамандарды шақырып, студенттерге өмірмен байланысты білім беріп келеді. Міне, дәл осындай университеттер ғана болашақта сапалы журналист дайындай алады.

## – Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»



## АЛМАТЫ ІРГЕСІНДЕГІ АУЫЛ СУҒА ЗӘРУ



Алматы маңындағы Қарасай ауданына қарасты Кемертоған ауылында ауызсу мәселесі көп жылдан бері шешілмей келеді. Халық назын тыңдап, мәселені реттеу үшін Мәжіліс депутаттары Максим Рожин мен Данияр Қасқарауов өңірге арнайы келді.

Тұрғындардың айтуынша, орталықтандырылған су жүйесі болғанымен, оның техникалық жағдайы өте нашар. Құбырдағы су қысымы тым әлсіз, ал кейбір көшелерге мүлде жетпейді. Тұрғындар суды түнде ыдыстарға жинап, күн тәртібін соған бейімдеуге мәжбүр.

Максим Рожин бұл мәселе бір жарым жыл бұрын Қаскелеңдегі қоғамдық қабылдауда көтерілгенін атап өтті. Ол кезде 20-дан астам мәселе тіркеліп, олардың басым бөлігі шешілген. Алайда қазір ең өзекті ауызсу мәселесі қалып отыр. «Қазір ауылда 4500-ден астам үй орталық су жүйесіне қосылмаған. Тұрғындар әртүрлі тарифпен, сапасы күмән тудыратын жеке ұңғымалардан су тұтынып отыр. Қажетті құжаттар мен жер телімі дайын. Енді басты мақсат – республикалық бюджеттен қаржы тарту. Бұл мәселе Үкімет қарауына ұсынылды. Премьер-Министр тарапынан бақылауға алынды. Бюджет нақтыланғанда қаржы бөлінуге тиіс. Мәселе «AMANAT» партиясының тікелей бақылауында», – деді депутат.

Е.КЕБЕКБАЙ



## БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағы мектеп табалдырығын аттағалы отырған балаларға барлық керек-жарақ салынған мектеп қоржындарын таратты. Әлеуметтік маңызы зор осы игі шара осымен тоғызыншы рет өткізіліп отыр. Бұл университетте жұмыс істейтін ата-аналар үшін әлеуметтік қолдау болмақ.

## ҚОМАҚТЫ ҚОРЖЫНДАР ИЕСІН ТАПТЫ



Баланы мектепке даярлаудың қуанышты тұстарымен қатар отбасылық бюджет үшін едәуір шығын екендігі белгілі. Кәсіподақтың көмегімен 190 бірінші сынып оқушысына қоржындар, дәптерлер, қалам мен қарындаштар, пе-

налдар, акварельдік бояулар мен сурет салатын альбомдар берілді.

Дәстүр бойынша қоржынды болашақ оқушыларға белгілі ғалымдар мен университетің әкімшілігінің өкілдері тапсырды. Бірінші сынып

оқушыларына әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор міндетін атқарушы Ж.Есімова, тарих факультетінің деканы Досбол Байғұнақов, ҚР ҰҒА академигі Амангелді Бисенбаев, тарих ғылымының докторы Берекет Кәрібаев

кен табысқа жетсін деген тілегін айтты.

Балалар көз тартатын қоржындарды бірден иықтарына іліп, суретке түсті. Ал шыдамы таусылған кейбіреулері «кәсіподақ» сыйлығын ашып, ішіндегі заттарға ұңғиді. Шара барысында бірінші сыныпқа қадам басқалы отырған Әмір Мұхан Мұқағали Мақатаевтың Отан туралы өлеңін оқыды.

Бұл жобаның әлеуметтік маңызы зор. ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаевтың айтуынша, «Бірінші сынып оқушысының қоржынын қамда» акциясы көптеген қызметкерге оқушыларды мектепке даярлауға септігін тигізеді. Осылайша жаңа қоржындар лайықты иелерін тапты. «Парасат» кәсіподағы оларға қызығы мен қуанышқа толы әрі беймәлім құпиялық білім айдынын игеруде табандылық танытып, толағай табыстарға жетуіне тілектестік білдірді!

С.ТЫНЫБЕКОВ,  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ азаматтық құқық  
және азаматтық  
іс жүргізу, еңбек құқығы  
кафедрасының  
профессоры

О.ЛОЖНИКОВА,  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ қызметкерлері  
«Парасат» кәсіподағы  
төрағасының  
орынбасары

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

КӨКЕЙКЕСТІ

Сан түрлі деструктивті ағымдар ел ішіне іріткі салып, күрделі жағдай қалыптастырып отыр. Мұндай келеңсіздіктің алдын алу мақсатында елімізде жүйелі мемлекеттік саясат жүргізіліп келеді. Ақмола облысы да бұл тұрғыда айтарлықтай мол тәжірибесі бар аймақтар қатарында. Өңірдегі діни ахуал мен оның әсері және өзге де маңызды мәселелер жөнінде Ақмола облысы Дін істері басқармасының басшысы Болат Қасеновпен сұхбаттасқан едік.

– Халықтың діни сауаттылығын арттыру кезек күттірмейтін маңызды мәселе дер едім. Аталған жұмысты сапалы жүргізу үшін облыс бойынша 202 адамнан тұратын 24 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді. Олар жыл басынан бері 2968 іс-шара өткізіп, 42 мыңнан астам адамға кеңес беріп, жол

## ЖАТ АҒЫМДАРМЕН КҮРЕС – ЖАЛҒЫЗ БАСҚАРМАНЫҢ МІНДЕТІ ЕМЕС



**– Болат Нығметжанұлы, облыстағы діни ахуалды қалай бағалайсыз?**

– Жалпы алғанда, облыстағы діни ахуал тұрақты. Ақмола өңірінде түрлі дін өкілдері арасында өзара түсіністік қалыптасқан. Қоғам арасында діни негіздегі қақтығыс немесе келіспеушілік байқалмайды. Бүгінде өңірде жалпы саны 190 діни ұйым тіркеліп отыр. Олардың қатарында 87 ислам, 50 православие, 40 протестанттық, 11 католиктік бірлестік бар. Сонымен қатар, Бахаи діні мен Кришна санасы қоғамы да өз қызметін жүзеге асыруда. Жалпы, 151 діни нысан – мешіттер, шіркеулер мен ғибадатханалар арқылы халыққа қызмет көрсетуде. Әрине, елдің мемлекеттік дін саясатына байланысты барлық тиісті шаралар мен бақылау және мониторинг жүргізу сияқты жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Ең бастысы дінаралық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ету – басты мақсатымыз.

**– Басқарма аймақтағы діни бірлестіктер жұмысына, дінге байланысты жұмыстарға талдау жүргізе ме?**

– Ақмола облысы Дін істері басқармасы өңір аумағында діни сенім бостандығы мен конфессияаралық келісімді қамтамасыз етеді. Бұл бағытта біз дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, діни келісім мен өзара ынтымақтастық қатынаста болуын бақылауда ұстап келеміз. Өңірде діни татулық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында діни бірлестіктер мен миссионерлік қызметті заң аясында үйлестіру, халықтың діни сауаттылығын арттыру, деструктивті діни идеологиялардың алдын алу, діни радикализм мен экстремизмге қарсы күрес жүргізу, діни әдебиет пен миссионерлерді тіркеуді бақылауға алу сияқты басты бағыттарға басымдық береміз. Жалпы мұнымен қоса басқарма жанынан құрылған «Конфессияаралық қатынас-

тарды талдау және дамыту орталығы» да жұмыс жүргізетінін атап өткім келеді. Бұл мекеме осы бағыттағы сараптамалық, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік жұмыстармен айналысады.

**– Радикалды топтармен күрес және интернет кеңістігіндегі діни қауіптің алдын алу бойынша қандай жұмыстар қолға алынған?**

– Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Радикалды діни топтар қай елге де зор қауіп төндіреді. Қазір жастардың көпшілігі ақпаратты интернеттен алатыны ақиқат. Осыған байланысты біз әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі заңсыз діни мазмұнды контенттерді анықтап, олармен толыққанды күрес жүргізіп келеміз. Мәселен, жыл басынан бері ғана облыс аумағында 374 заңсыз діни материал анықталып, бұғаттау үшін республикалық базаға жолданды. Сонымен қатар, деструктивті топтарға жазылған 60 574 қолданушыға қатысты түсіндіру жұмысы жүргізілгенін атап өткен жөн. Осының нәтижесінде 539 адам өз еркімен бұл топтардан бас тартты.

**– Ел ішінде қазіргі уақытта аса жылдам қарқынмен дамып келе жатқан миссионерлік қызметке де тоқталып өтсеңіз. Облыста қанша миссионер тіркелген?**

– Бүгінде облыс аумағында ресми тіркелген 25 миссионер уағыз жүргізуде. Олардың басым бөлігі шетел азаматтары. Атап айтқанда, Польша, Ресей, Филиппин елдерінен келген миссионерлер негізінен католиктік және протестанттық бағытта жұмыс істейді. Олардың қызметі толығымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс және біз бұл процессті қатаң түрде қадағалап отырмыз.

**– Діни сауаттылықты арттыру бағытында қандай шаралар қолға алынады?**

Оң-солын әлі танып үлгерме жастар мен жасөспірімдердің діни фанаттар жетегінде кетпеуі де аса өзекті. Сондықтан, жастармен белсенді түрде жұмыс жүргізілуде. 15 мыңнан астам жастар мен студенттерге семинарлар, дәрістер мен кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, темір тордың ар жағында жазасын өтеп жатқан азаматтармен де арнайы теолог мамандар жұмыс істейді. Бұл – олардың рухани оңалуына көмегін тигізері сөзсіз.

**– Дін саласына бөлінетін қаражат қомақты ма?**

– Мемлекет тарапынан дін саласына ерекше көңіл бөлінетінін атап өтпеске болмайды. Биыл аталған бағытқа ғана жалпы сомасы 294,3 млн теңге қаражат бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай көп. Аталған қаржының басым бөлігі ақпараттық түсіндіру жұмыстарына, әлеуметтік зерттеулерге, жастармен кездесулерге, сондай-ақ семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруға бағытталып отыр.

**– Діни экстремизмнің алдын алуда қандай мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс істейсіздер?**

– Бұл жұмыс тұрақты әрі кешенді түрде жүргізіледі. Біз құқық қорғау органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, сонымен қатар білім беру мекемелерімен де тығыз байланыстамыз. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, деструктивті ағымдардың алдын алу – тек бір басқарманың ғана міндеті емес. Бұл барлық мемлекеттік құрылымдардың, сондай-ақ қоғамдағы әрбір саналы азаматтың ортақ міндеті. Басты мақсат – ел ішіндегі бейбітшілік пен рухани келісімді сақтау.

**– Өңірдегі діни ахуалды одан әрі жақсарту үшін тағы қандай жұмыстар қолға алынуы керек?**

– Біз дін саласындағы жағдайды үнемі зерттеп, алдын алу шараларын жетілдіріп отырамыз. Алдағы уақытта ақпараттық жұмыстарды кеңейту, жастармен тікелей байланысты күшейту, діни ұйымдармен өзара әріптестікті тереңдету, чат-бот, онлайн-консультациялар, басқа да заманауи цифрлық құралдарды енгізу секілді бағыттарға басымдық беру маңызды. Біздің басты мақсатымыз – Ақмола облысында діни тұрақтылықты сақтау және халықтың діни құқықтарын қорғау. Дін – бұл тек сенім мәселесі ғана емес, ол – елдің ішкі тұрақтылығы мен болашағына әсер ететін аса маңызды фактор. Сол себепті бұл салада байыпты, әрі нақты қадамдар қажет.

**– Өңімімізге рақмет! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

## «АБАЙЛАҢЫЗ, ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТ!»

### ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМА АРТЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Соңғы жылдары елімізде қоғамдық тәртіп пен заңды өрескел түрде бұзып, азаматтардың тыныштығына қауіп төндіретін ерекше сипаттағы қылмыстың бірі – жалған терроризм фактілері жиілеп барады. Халықты дүрбелеңге салып, тәртіп сақшылары мен құқық қорғау органдарын аяғынан тік тұрғызатын мұндай оқиғалардың тым көбейіп кетуі халықтың бейқамдығына да себепші болып барады. Жалған терроризм туралы хабар таратып, жалған дабыл қағу әрекетінің арты ауыр қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғатыны әлі де болса көптің көкейіне жетер емес. Бір қарағанда ойын немесе қызық көрінгенімен, оның арты қоғам өміріне өте ауыр зардаптар тигізетіні ақиқат.

### Жалған терроризм деген не?

Жалпы дәл осы жалған терроризм дегеннің қайдан шыққанын сипаттап көрсек. Бүгінде аса кең етек алып, қоғамға қатер әрі қорқыныш сезімін ұялатып келе жатқан «лжетероризм» ұғымы террористік акт туралы алдын ала жалған хабар тарату деген мағынаны береді. Мұндай қылмыс көбіне телефон арқылы, мессенджерлер немесе әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады. Әрине, мұндай хабарламалар пайда болғанда қоғамның қалыпты өмірінің бір-ақ сәтте астан-кестенін шығарып, ел арасында үлкен қоғамдық резонанс тудырып, үрей мен дүрбелеңге түрткі болады. Ең сорақысы сол төтенше жағдай қызметкерлері мен құқық қорғау органдарының өкілдері жалған ақпаратты тексеруге барам деп, шынайы көмекке әру адамдарға жете алмай қалуы әбден мүмкін.

Яғни «террористік шабуыл жасалмақ» немесе «бомба қойылды» деп жұртты дүрліктіріп ақпарат тарату – жай ғана қателік немесе әзіл емес, қасақана қоғамды тұрақсыздандыру мақсатында жасалған қылмыстық іс-әрекетке жатады. Мұндай әрекет үшін Қылмыстық кодекстің 273-бабында қылмыстық жауапкершілік көзделген.

### Жауапкершілік 14 жастан басталады

Заң талаптарына сәйкес, жалған терроризм үшін жауапкершілік 14 жастан бастап қарастырылады. Бұл дегеніміз – мектеп жасындағы жасөспірімнің өзі де мұндай әрекеті үшін заң алдында тікелей жауап беретінін айғақтайды. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, Қылмыстық кодекстің 273-бабына сәйкес, жалған террористік акт туралы хабар берген адамға 5 мың АЕК-ке дейінгі, яғни шамамен 18,4 млн теңге айыппұл, сондай-ақ дәл осындай мөлшерде түзету жұмыстары, одан әрі бес жылға дейінгі бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қарастырылған. Мұнымен қатар, сот шешімімен келтірілген материалдық шығын да өтеледі. Ал бұл шығындар миллиондаған теңгені құрауы мүмкін.

### Жалған хабардың зардабы қандай?

Жалған террористердің көп жағдайда ел ішінде лаң салуға бағытталған негізгі «нысанасына» айналалатын олар – теміржол вокзалдары, әуежайлар, мектептер мен сауда орталықтары, яғни халық аса көбірек шоғырланған жерлер болатыны халықтың да санасына сіңген. Тәртіп сақшылары мен прокуратура органы өкілдерінің айтуынша, мұндай жалған хабарламалардың таралуы бірден мемлекеттік органдар мен басқа да әлеуметтік қызметтердің жұмысына елеулі кедергі келтіреді.

– Қоғамның үрейі мен қорқынышын тудырып, халықты дүрбелең күйге түсіретін мұндай жалған террористік хабарламалар бірінші кезекте мемлекеттік органдар мен қызметтердің жұмысын тежейді. Экономикалық тұрғыдан үлкен шығын әкеледі. Ал ең бастысы, шынында да осындай оқиға туындай қалған жағдайда арнайы қызметтердің дер кезінде жету мүмкіндігін төмендетіп, оның «кезекті жалған террористік әрекет» деп бағалайды. Сондықтан мұндай «тосынсылар» тек құқық қорғау органдарына ғана емес жалпы қоғамды алаңдатып, елдің тыныштығы мен тұрақтылығы үшін жалпы қоғамдық сананың, әрбір азаматтың қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі тиіс деп ойлаймын, – дейді Ақмола облысының прокуроры Руфат Құттықов.

Ақмола облыстық прокуратурасының мәліметінше жалған террористік акт салдарынан ел экономикасына тигізетін

шығынның көлемі де аса үлкен. Мәселен ірі қалаларда вокзалдың осындай қасақана жасалған жалған хабарламалар салдарынан бір сағат мерзімге эвакуациялануы орта есеппен 1 миллион теңге көлемінде шығын әкелсе, ал ірі сауда орталықтарының жұмысын тоқтату – бірнеше ондаған миллион теңгемен есептеледі. Бұл шығындарды сот шешімі бойынша жалған террористтің өзі өтеуге міндеттеледі.

### Өкінгеннен пайда жоқ

Ойнақтап жүріп от басып, ойланбай қызық көріп жұртты дүрліктірудің арты аса үлкен шығын мен өкінішке айналып жатады. Қолға түскен күдіктілердің істерін істеп алып «Мұндай болатынын білмеппін...», «Мас күйде болып едім» деп жазадан оңай сытылу әрекеті оларды қылмыстық жауапкершілік жүгінен құтқара алмайды.

Мәселен, былтыр 4 қаңтарда Ерейментау ауданында халықтың үрейін туғызған жағдай орын алды. П. есімді азамат мас күйінде 102 нөміріне қоңырау шалып, «бомба қойылды» деген жалған мәлімет берген. Полиция мен Төтенше жағдайлар департа-

*Заң талаптарына сәйкес, жалған терроризм үшін жауапкершілік 14 жастан бастап қарастырылады. Бұл дегеніміз - мектеп жасындағы жасөспірімнің өзі де мұндай әрекеті үшін заң алдында тікелей жауап беретінін айғақтайды. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, Қылмыстық кодекстің 273-бабына сәйкес, жалған террористік акт туралы хабар берген адамға 5 мың АЕК-ке дейінгі, яғни шамамен 18,4 млн теңге айыппұл, сондай-ақ дәл осындай мөлшерде түзету жұмыстары, одан әрі бес жылға дейінгі бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қарастырылған.*

ментінің қызметкерлері дереу әрекет етіп, оқиға орнына жеткенімен, жарылғыш зат табылмаған. Шұғыл қызметтің қалай әрекет ететінін «сынамақ» болған оның бұл әрекеті бойынша қылмыстық кодекстің 273-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалып, сот үкімімен 2 жыл 6 айға бостандығын шектеу жазасы тағайындалған еді. Бұл жалған террористер үшін нақты ескерту.

### Қоғамдық қауіпсіздік – ортақ міндет

Лжетероризм – қазіргі қоғам үшін аса қауіпті мәселе екені даусыз. Террористік әрекет жасалғанды екен деген хабарлама тек бір мекеменің ғана емес, тұтас халықтың тыныштығына сызат түсіретін қауіпті әрекет. Сол себепті кез келген азамат мұндай «әзілдің» ауыр салдарын түсінуі тиіс.

– Ата-аналар балаларымен бұл тақырыпта әңгімелесіп, түсіндіру жұмыстарын жиі жүргізуі қажет. Жастардың құқықтық сауаттылығы артуы тиіс. Бейбіт күнде үрей мен қорқыныш туғызу – ауыр қылмыс. Сондықтан, құқық қорғау органдары әрбір азаматты сабыр мен жауапкершілікке шақырады. Қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздік – бәрімізге ортақ құндылық, – дейді Руфат Құттықов.

Облыстық прокуратураның ресми мәліметінше тек Ақмола облысында соңғы екі жыл ішінде ғана террористік акт туралы көпес-көрінеу жалған хабар тарату фактісі тіркелген болып шықты. Абырой болғанда мұның бәрі іс жүзінде шындық емес, жалған екені анықталған. Алайда, бұл қоғам мен құқық қорғау органдарының да сақтық шараларына бейғам қарап, қырағалығын төмендету ме деген қауіпке жетелейтіні сөзсіз.

**P.S. Қалай дегенмен де, жалған террористік хабарламалар қоғамның тұрақтылығы мен тыныштығын бұзатындықтан, мұндай мәселеге жалпы қоғамның бірлесе әрекет етуі аса маңызды. Тентегі мен есерін тыйып, заң мен тәртіп алдындағы жауапкершілікті сезінсе ғана елдің іші бүтін, жұрты тыныш болмақ...**

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

## ҒАЛЫМ

# ҒЫЛЫМҒА АДАЛДЫҚ – ҒҰМЫРҒА БАҒДАР

Ғұмырын ұлтына, елінің өркендеуіне, жастардың тәрбиесі мен отандық ғылымның дамуына арнаған Жанатбек Ишпекбаевтың өмір жолы көпке үлгі.

Жанатбек Ешенқожаұлы – Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қытай Халық Республикасының Ханьшань педагогикалық институтының құрметті профессоры, Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. «Тәуелсіз мемлекеттер достастығында саяси консенсусты қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған ғалым ғылыми ізденістері мен педагогикалық қызметінің нәтижесінде 2011 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ академиялық профессоры атағына ие болды. Оның қаламынан туған 6 монография, ондаған оқу-әдістемелік құрал мен 100-ден астам ғылыми мақала Қазақстан ғылымына сүбелі үлес болып қосылды. Оның еңбектері Scopus дерекқорына еніп, авторлық патенттермен қорғалған.

Жанатбек Ешенқожаұлының «Мәңгілік Ел осылай сомдалған» және «Мәңгілік Ел қазағына хат» атты монографиялары – тәуелсіз Қазақстанның тарихи шежіресін, рухани-мәдени қалыптасу жолын терең зерделейтін, ұлттық сана мен болмысты ғылыми негізде байыптайтын еңбектер. Аталған еңбекте қазақ ұлтының тамырынан бүгінге дейінгі тарихи эволюциясы, қоғамдық санасы мен интеллектуалдық әлеуеті философиялық, саяси, мәдени тұрғыда зерделенген. Бұл еңбек үшін Жанатбек Ишпекбаев Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

Жанатбек Ешенқожаұлының еңбек жолы Абай атындағы ҚазПИ-дің қарапайым оқытушысынан басталған. Одан бері ректор көмекшісі, тәрбие жұмысы және әлеуметтік



даму жөніндегі проректор, ректор кеңесшісі, бүгінде – Ректор Аппаратының басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді. Сонымен қатар, ол – Саясаттану және әлеуметтік-фи-

лософиялық пәндер кафедрасының профессоры, тәрбие және рухани даму саласында терең теориялық негіздерге сүйенген бірегей бағдарламалардың авторы. Оның бастама-сымен құрылған «Абай мектебі» ұйымы мен екі жылда бір өтетін «Абай әлемі» фестивалі – студент жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, рухани тәрбиенің үздік үлгісіне айналды.

Мемлекеттік тілді дамытуға арналған бастамаларда да ғалым алдыңғы шепте жүр. Бүгінгі күнге дейін қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында оқу құралдарын әзірлеп, терминологиялық сөздіктер авторлығына атсалысып, тіл мәдениетінің дамуына мол үлес қосты. Осы еңбегі үшін кезінде «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталды.

Жанатбек Ешенқожаұлы – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, болашақтың да жүрегіне ой салып, ұлт мұратына бағыт беретін азамат. Ол – өз халқының жанын ұққан, рухын таныған, тарихын зерделеген, ертеңіне сенген тұлға. Оның еңбектері мен ой-толғамдары – қазақ ғылымының ғана емес, ұлттық руханиятың асыл қорына айналды. Осылайша, Жанатбек Ешенқожаұлы мерейлі 60 жасқа үлкен жетістікпен жетіп отыр. Қазақ ғылымының дамуына атсалысқан арда азаматтың еңбекқорлығы жастарға өнеге болғай.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»

## ТАРАТУ

5. «Адал - СҚО» ЖШС (БСН 220340036610) (Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 48-үй, 110-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 19/1-үй, 6-қабат, 602-офис, тел: 87012128532.

8. «Елигер» ЖШС, (БСН 230740039817) (индекс 060305, Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылы, Хатима Дайырова көшесі, 7Б құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұщықұдық ауылы, Күнбатыс көшесі, 10-үй. тел: 87016101919.

9. «Grand Market GM» ЖШС (БСН 241140026325) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Тұтыну кооперативі Қос-Диірмен, 67-үй, тел: 77057583537.

10. «САБҮР Агро» ЖШС, (БСН 210140026496) (индекс 150102, СҚО, Айыртау ауданы, Антонов ауылдық округі, Антоновка ауылы, Школьная көшесі, 9-үй, 2-пәтер), өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: индекс 150100, СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Конституция көшесі, 180-үй. тел: 87711134808.

13. «Ресторан Иссык» ЖШС, (БСН 151240006810) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: индекс 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А үй, электрондық пошта office\_mca@megacenter.kz, тел: 2322505 (ішкі нөмір 5010).

15. «Лок Маркет» ЖШС, (БСН 120440010520), индекс 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қарибжанов көшесі, 28-үй, таратылу рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13-ғимарат, 284-пәтер (804-кеңсе). тел:+77018438096.

16. «Батан и Ко» ЖШС (БСН 050740011306) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Алматы көшесі, 98-үй, тел : +77017348989.

19. «Белиссима» ЖШС (БСН 160540001235) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 235-үй, 69-пәтер.

23. «Әсет Агро ААС» өндірістік кооперативі, (БСН 200340023724) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылдық округі, Шұбарсу ауылы, Земляне алабы, құрылыс 258, пошта индексі 160600.

24. «Залалсыздандыру» ЖШС, (БСН 970740003406) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Әлібай Ахун көшесі, 26-үй. тел: 87057675329.

25. Қарағанды қаласындағы «СибПласт» ООО филиалы, (БСН 230541012925) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Молокова көшесі, 119/1-үй, тел: 87018018490.

26. «Қазақстан туризмін дамыту қорын қолдау қоры» қоғамдық қоры, (БСН 240840023511), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай

ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл шағын ауданы, Мұстай Кәрім көшесі, 12/18 үй, 55-пәтер, пошта индексі 050000, тел.: +7 701 099 9936.

## ӨРТҮРА

2. Ұлытау облысының МАЭК 30.06.2025 ұйғарымымен «Сәт Таза-лық» ЖШС (БСН 110 940 017 504) оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс өндірісі қозғалды. Мекенжайы: 100600, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Сары-Арқа көшесі 86/2. Талап-шағымдар хабарлама шыққаннан кейін бір ай ішінде қабылданады. Шымкент қаласы, Отырар шағын ауданы, 41-үй, 24-кеңсе, тел:+77017339732, пошта: erzhan\_karabalin@mail.ru.

3. Бейбіт Майлин ауданының сотында 2025 жылғы 03 шілдеде Людмила Адамовна Лазеевның мекен жайы: Тобол ауылы, Бейбітшілік көшесі, 123/32-үй, 03.08.1963 жылы туған Николай Иванович Лазеевты хабар-ошарсыз кеткен деп тану арқы бойынша азаматтық іс қозғалды. Жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа Н.И. Лазеевтың болу орны туралы мәліметтер бар тұлғаларға хабарлау ұсынылады. Сот мекен жайы: Әйте ауылы, Тобольский көшесі,36-үй, телефонды: 8(71436)3-68-60, 8(71436)3-74-48, электрондық мекен жайы: 100221@sud.kz.

6. «AQNIET Capital» ЖШС, (БСН 230940042659), өзінің кредиторларына жарғылық капиталдың 393 200 (үш жүз тоқсан үш мың екі жүз) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде 055540, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/8 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады.

11. «Astana Development Compa» ЖШС, (БСН 170340007198), өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларын жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабардар етеді (азайтудан кейін жарғылық капитал 62 500 000 (алпыс екі миллион бес жүз мың) теңгеге құрайды). Талаптар бұл хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 76.

12. №2 Орал қалалық сотында БҚО, Орал қаласы, Круглоозерное ауылы, Алматы көшесі,8/1 үй мекенжайында тұратын Әлфия Ермекқызы Ізмухамбетованың өтініші бойынша азаматтық іс қаралуда. Тел: 87016776930. Ізмухамбетов Аманжол Қажығалиұлының 1984 жылы 11 мамырда Теректі ауданының тумасы, соңғы жұмыс орны Теңіз кен орны қайтыс болды деп тану туралы мәліметтер болған жағдайда 5-шағын ауданында орналасқан Орал қаласының 2 соты, 5-шағын ауданда орналасқан, 12-құрылысқа хабарлассын.

17. «КазакМедИмпорт» ЖШС (БСН 140640012746) «KMI Engineering» ЖШС (БСН 161140001749) қосылуы арқылы қайта ұйымдастыруға келісім беру туралы шешім қабылданыны туралы хабарлайды. Барлық кредиторлардан хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде өз талаптары мен қарсылықтарын мына мекенжайға жіберулерін сұраймыз: Тарату Станислав Владимирович, тел. 87056516457, электрондық мекенжайы: stanislavtaratuto@yandex.kz.

18. «KMI Engineering» ЖШС (БСН 161140001749) «КазакМедИмпорт» ЖШС (БСН 140640012746) қосылуы арқылы өзінің қайта құрылуы туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Барлық кредиторлардан хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде өз талаптары мен қарсылықтарын мына мекенжайға жіберулерін сұраймыз: Тарату Станислав Владимирович, тел. 87056516457, электрондық мекенжайы: stanislavtaratuto@yandex.kz.

22. «Партизанское-1» ЖШС (БСН 990540005220) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды. Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Партизанска ауылы, «Тойхана» ғимараты. Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 2025 жылдың «13» тамыз күні; сағат 12:00-те. КҮН ТӘРТІБІНДЕ: «Партизанское-1» ЖШС қатысушыларына дивиденд төлеу тәртібінің өзгеруі.

29. ҚРСУ рж ИМСу шк «Қазсушар» ШЖҚ РМК Қостанай филиалы өзінің тұтынушылары мен басқа да қызығушы тұлғаларына кәсіпорынның 2025 жылдың 1 жартжылдық қорытындысы бойынша тіргіш гидротехникалық имараттардың көмегімен жоғарғы ағынды реттеу қызметтері туралы есебін тыңдау болатыны жөнінде ХАБАРЛАЙДЫ.

Тыңдау 2025 жылы 30 шілде, сағат 15-00-де, Қостанай қаласы, Ш. Шаяхметов көшесі, 117-үй мекенжайында өтеді. Facebook және Instagram барлық мүдделі тұлғалар он-лайн режиміндетыңдауға қатыса алатынын хабарлаймыз: (https://www.facebook.com/kazvodhoz.kostanay/), (https://instagram.com/kazvodhoz.kostanay/?igshid=es44h16owtspn қоғамдық тыңдауға қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтемеге өту керек Facebook немесе «Instagram» kazvodhoz.kostanay іздеуге енгізу қажет.

27. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар»ИАПҚ (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау аралық инвестициялық пай ересіне сай №4 қосымшаның 9.1-тармағына сәйкес, 10.07.2025 9:00-19.07.2025 18:00 Астана қаласының уақытымен жалғасады.

28. Трихофития жұқпалы ауруының ошақтарында дезинфекциялық іс-шаралар Трихофития – тері, шаш және тырнақтарды зақымдайтын жұқпалы микоз (саңырауқұлақ текті ауру). Бұл ауру адамдар мен жануарлар арасында кең таралған және көбінесе тұрмыстық байланыс немесе ауру жануарлармен қатынас кезінде жұғады. Ерекше қауіп тобына балалар мен иммунитеті әлсізгерген адамдар жатады. Науқас ауруханаға жатқызылған немесе ем қабылдап болған соң, тұрғылықты жерінде қорығтанды дезинфекция жүргізіледі; Науқасың төсек-орын және киім-кешегі 98 °С де.камерада 30 минут залалсыздандырылады Трихофития – емделетін ауру болғанымен, оның таралу қауіпі жоғары. Сондықтан әр ошақта дезинфекциялық іс-шаралардың сапалы және уақтылы жүргізілуі қоғамдық денсаулықты қорғаудың маңызды бөлігі болып табылады.

Халықты ақпараттандыру, гигиеналық тәртіпті сақтау, және дезинфекцияны дұрыс жүргізу – трихофитиямен күрестегі басты құралдар.

ҚР ДСМ СЭБ «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» Түлкібас ауданындағы дезинфекциялық секторының нұсқаушы дезинфекторы Б.Т.Үйсембаева

## МҰРАГЕРЛІК

4. 2025 жылдың 2 ақпанында Садықов Орынғалидың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211-кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

7. 12.02.2025 жылы қайтыс болған Шәріпова Гүлшара Сыптайқызының (Астана қаласы, Алматы ауданы, Қажымұқан көшесі, 8/1 үй, 31-пәтер) артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 54а, 1002-кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.С. Қадыроваға хабарласуы қажет. Тел. 87014317089.

14. 2013 жылдың 20 қаңтарында қайтыс болған Аманкелдиев Мынбайдың артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

Алматы қалалық соты, Алматы қаласы бойынша Судьялар одағының филиалы Алматы ауданының №2 аудандық сотының судьясы Сырғабаяев Айнура Сайынқызына аяулы анасы Исабайқызы Мейраштың меңгілсіз өмірден озуына байланысты қайғырып көңіл айтады. Осындай ауыр сәтте отбасыңыздың қайғысына ортақтаса отырып, сабыр мен берік сенім, бекзат төзім тілейміз. Артында қалған ұрпағына ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, береке-бірлік тілейміз. Алдағы уақытта отбасыңызда тек жақсылықтар болсын.

Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы Қызылорда облыстық сотының отставкадағы судьясы Жуынтаева Светлана Нағашыбайқызының әкесі

Нағашыбай Жуынтаевтың қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).  
«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директору Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**БАЙҚАУҒА!**

«Шуақты сити» мөлтек ауданы, 7-үй, 7-қабат, 77-пәтердегі Бұланның мекенін дәл тауып келген әйелдің отырмастан тік тұрған күйінде:

– Есімің – Мариям. Әулие ата облысының Қаратас қаласынанмын. Баламды өлтіріп кетті, – деген үнінен ызаны, кекті ішкі түйсігімен аңлаған бұл да жедеқабыл сұрады.

– Кім? Қашан? Қалай?  
– Бұдан он жеті жыл бұрын. Ұрып өлтірді. Кім екенін іздегеніме он жеті жыл! – деп жанары ұшқын шашқан оның да жылдам жауап қайтарғаны сонша, ойын жинақтап үлгермеген Бұлан мен Мариям біріне-бірі қадала қарады.

– Он жеті жыл – тым ұзақ мерзім. Кінәліні іздеп табу.., – деді із кесуші сәл ойлана мүдіріңкіреп.

– Соңғы үмітім – өзіңсің. Сенен қайыр болмаса, одан әрі іздеуді де қоярмын, – деді әйел. Оның соңғы үмітін шорт кесуге дәті төзбей, әйелді байылпен тыңдаған із кесуші байлауын айтты.

– Қайғылы жағдайдың қашан, қайда, қалай болғанын ине-жібіне дейін түгел еске түсіріп, қағазға жазып дайындауыңыз керек. Ал қазір жинаған құжаттарыңызды, деректерді, фото суреттерді, жалпы қолыңызда не бар, бәрін маған қалдырасыз. Екеуі осыған келісті.

\*\*\*

Қаратас қаласы. 2015 жыл. Телефонның беймезгіл шырылынан оянған Мариям оған жауап берместен бұрын аяғының ұшымен жылдам баса баласының бөлмесіне барған. Қалалық Мәдениет үйіндегі жастардың әдеттегі ойын-сауығына кеткен Иорданның төсегі бос екен. Қайта оралып, әлі тынымсыз шырылдаған телефонды көтергені сол, жауаптауға үлгерпей:

– Мариям апа, Мәдениет сарайына келіңізші. Иордан құлап.., – деген абыржыңқы аптыққан дауысты жарым-жартылай құлағы шалған ол рөлге отырды да, көлігін құйын-перен жылдамдықпен заулаптан күйінде өзіне таныс сарайға тұмсығын тірей тоқтады. Учаскелік инспектор Жедел жәрдем келіп, соңғы демі үзілгенін ескертсе де, Иорданды әдепкі жатқан қалпынан қозғалтпағанын айтып жатыр. Жайшылықта құшағын жая «маматайлап» алтыға жететін жаһандағы жалғыз қызығы – Иорданы мұның грекше, орысша, қазақша боздай жоқтағанына селт етпеді. Үнсіз. Көзі тас жұмулы. Езуінен аққан азғантай қан еш жерді былғамастан қата қалыпты.

– Кім ұрған? – деді Мариям мәйіттен басын көтеріп. Жұрт үнсіз.

– Кім деймін сендерге өңкей мақұлық? – деп орнынан ұшып тұрғанда, қоршаған жастар кейін серпіле шегініп, ашылған ортада екі қолын көкке жая өлтірушінің кім екенін жаны ышқына қайталай сұраған Мариям мен Иорданның жансыз денесі ғана қалған еді. Жалғыз ұлы бар, жалғыз басты бұл кісі қаладағы ең дәулетті отбасының бірі де, бірегейі де болатын. Қаралы оқиғадан құлақтанып үлгерген қалалық ішкі істер бөлімінің атқамінерлерін ерткен полковник Дәрмен Ділданов көңіл айтып:

– Мариям апа, қылмыскер қалайда табылады. Көкке ұшса аяғын сындыра, жерге кірсе мойнын үзе алдыңызға тізе бүктіртеміз. Әзірге балаңыздың мәйітін экспертизаға апаралық, – деді. Содан соң жанындағы қызметкерлеріне қарап:


– Апамыздың кім екенін біздің Қаратас қаласы емес, бүкіл облысымыз біледі. Азаматтығымен, кәсіпкерлігімен, мырзалығымен, беделімен есімі белгілі. Қазірден бастап би билеуге қатысқандар түгел сұралсын. Сытылып кеткендерін тауып жауап алыңдар. Кімнің қайда жүргенін, бөгделер ұшырасса, қайдан келгенін анықтандар. Қысқасы, Иорданды

қыршынынан қиып, Мариям апаны қара жамылдырған итті ұзатпай ұстандар, – деген полковник барынша қаһарлана сөйледі.

– Эксперттаның мәліметін күтелік, – деді қылмысты іздестіру мен тергеу бөлімінің бастықтары подполковник Айтү Аманұлы мен майор Қапал Жұмаұлы. \*\*\*

Қалалық ішкі істер басқармасының таңертеңгілік мәжілісі түндегі адам өліміне қатысты оқиғаны талқылаумен басталды.

– Мариям апамыз баласының мәйітін экспертизаға жеткіз-



**КӨМБЕСІ КӨП ЖЫЛДАР**

бей жолдан үйіне қайтарыпты. Ал өзі «Иорданымның би үстінде өзінен-өзі аяқтардың астына таптала құлап өле салатындай ауруы жоқ. Денсаулығы мықты, спортшы екенін бәрің білесіңдер. Қылмыскерді тұтқындауға сендердің шамаларың жетпесе, Москвадан көмек сұрап, мықты тергеушілерді шақыртамын» деп айбат шегуде. Біз Тәуелсіз мемлекеттіз дейміз. Бәріміз сеніп, «Мариям апа» басымызға көтеретін грек апамыз әлі Мәскеуін ұмытпай, сол тұсқа мойын созуын қоя алмапты, – деді бастықтың орынбасары Бақтияр Сержанұлы пікірін кіжініңкірей аяқтап.

– Сен өйтіп қызбаланба. Ызалы, қайғылы жан ашу үстінде не демейді?!

– Мен ол кісіге балаңыздың сол жақ қабағында қызарған із бар. Соққы тигенін экспертизада анықтамасақ, біздің әрекетіміз «өзі оқыстан құлап өлдіден» аспайды дегеніме де иландыра алмадым. «Иорданымды біреудің әдейілеп ұрып, басы соғылса жарылатын цемент жақтаудың қырына құлатқаны, сөйтіп өлуге душар еткені експертсіз де аян маған. Арызмды да солай жазамын. Баламның тәнін пышақтатпай, мүсініне дақ түсірмеген қалпында тапсырамын жер қойнына» деп бетбақтырмады, – деді подполковник Айтү Аманұлы.

– Солай-ақ болсын делік. Бірақ өзіміздің қызметтік міндетіміз бойынша да, ол кісінің талабы бойынша да өлтірушіні табуымыз керек, – деді Ділданов сөзін қысқа тұжырып. Дегенмен, қала мен облыстағы полковниктердің тікелей өзі басқарған; қала, облыс әкімдерінің өзі назарында ұстаған қайғылы оқиғаның жұмбағының шешілуі ұзай берді. Тек қайғылы оқиғаның сүргіні Мариям апаның жер-көкті шарлап арыздануынан басшылардың есінен шыға қоймады. Тіпті, Ассамблея аталатын ұйымның ықпалымен бірді-екілі шет жұрттан да бұл қалай деген мазмұндас сұрақтар жолданып, жауап қайтаруға да тура келді. Бірде облыстан, бірде оңтүстік, бірде солтүстік астана жақтан жіберілген қатынастарға қосыла, неше сықпыттардағы із кесушілер де кезектесе сабылды Қаратасқа. Алайда, ол дөкей тергеушілер де өз бетінше қылмыстың ізін таппай, қалалық полицияның жедел тобы тынымсыз жүргізген іс қағаздарына ешқандай жаңалық та, өзгеріс те қоса алмай, тауы шағылы кері оралып жатты. Сондағы бәрінің сүрінетіні сол күнгі биге қатысқандардың «Иорданның қалай құлағанын білмейміз, тек еденде жатқанын ғана көрдік» деген бірыңғай жауабы еді.

Қыз бен жігітті аралас қайшыласқан биші топтың ортасындағы ләлекуге есі ауа еліккендер өзге түгілі, өзінің қандай халде секіріп

жүргенін байқамастай аласапыран күйде болғаны анық. Қолын біресе басына көтере, бірде бос тастап бүлкідей, одан әрісінде жан-жағына сілтей жұлқынып, енді бірде шалқалай, одан әрісінде етпеттей еңкеңдеп есіріктене биге әулекіленген топтың ортасында кенет Иордан жалп етіп құлайды. Бар өнерін көрсете жұлқынған оны денесін игере алмай жығылғанға жорығандар алғашында дуылдай күлісе қарап, билерін одан әрі жалғастыра берген. Тек достарының мүлдем қимылсыз халін аңғарған жанашырлары ғана билерін созалаңдата кідірістетіп, жағдай сұраған сәтте Иорданның сұлық қалпынан шошына Жедел жәрдемге, полицияға хабарлаған.

Қылмыстық іс қозғалып, жабыла жүргізілген іздеу, тергеу қорытындысына сай «оқыстан шалқалай құлағаннан шүйдесі қатты затқа соғылып, желке күре тамырының езіле қиылуынан жүрегі бірден соғуын тоқтатқан. Қабағындағы қызарыңқы дақ та сол соққыдан бетіне шапқан» деп түсіндіргенімен, ашуға мінген анасы бақшандап сөзге қонақ берер емес. Барлық жағдайды уысында ұстаған полковник Ділдановтың өзі де жоқ қылмыскерді іздеп бас қатырып жатқандарын сіз сезгенімен, оны Марияма бірден айта алмады. Бірақ «Жазым болса, быламықтан да тіс сынады» деген қазақ иланыма ой тоқайластырды да, сол тұжырымын аңғарта әңгімелей «Иордан билеп жүріп цемент бұрыштың қырына оқстан жайсыз жығылған. Сірә, біреу-міреудің аяғына шалынды-ау» дегені сол-ақ екен, Мариям «Демек, баламды ерегіскен біреу қасақана аяғын тосқаннан ол шалынысып құлаған. Қылмыскерді білсеңдер де жасырасыңдар» деген лаңын қоздатты. Солай мазмұндылық қайтадан жазылған арызы бойынша да қаншама тексергіштер атбастарын тірегенде экспертаның қорытынды анықтамасын сұрап, қаратастық құқық қорғаушылардың шаңын қаққанда ол кемшілікті өз мойнына алған Мәриям эксгумацияға да рұқсат етпеді. Тергеушілердің жасаған қорытындысына сенген де, көнген де пиғылын танытпай, күдікті күйін арылмаған, аптыққан кеудесі басылмаған райынан айнымады. Құқық қорғаушылардың іздетіп те, індетіп те жатырмыз деген жауабы өзгеріссіз айдан-айға, одан әрі жылдарға ауысудан жаңылмаған соң, ол енді тәулігі, балгерлерді жағалады. Бірақ ақылгөй балгерлерден де, көсемсіген көріпкелдерден де қылмыскердің ізін дәл індеткен ешкім кездеспеді. Жаны тыншу таппаған Мариям тіпті қылмыс әлемінің бірден-саран күштілерін де жағалады. Әлгілер бұл күдіктенетін бұзықтардың мойнын бұраға-

жарған із кесушілерді іздей бастады. Орыстан, кәрістен, өзбектен, тіпті Грекиядан шыққан мықтылардың да есігін қақты. Олардың жолды алыссынып қипақтап, бірақ ақыл-кеңесін аямай ақтарса, бірсыпырасы Мариям апамен Қаратасқа жолаушылап, оқиға орнын көріп, істің барысына қаныққан соң, қылмыскерді эне-міне ұстап алардай сипаттама жасап, біраз үміттендірген еді. Дегенмен, соңы сыырқұйымшақтанып «көп мерзім өтіп кетіпті, әйтпеседен...» аспаған күйі келген жолымен қайтып жатты. Қаратастың Мариям апасы алғашқы маусымдарда баласының түбіне жеткен қаныпезерді өзі соңынан қалмай жүріп полицияға ұстататынына, соттататына сенген берік пиғылымен тыным таппаған. Ал соңғы жылдары баласын өлтіргенді тауып жазалау енді полицияның емес, өзінің міндетіне айналғандай жан тыныштығын тәрк еткен аласапыран күйге ұшырады. Дәл сол күні достарымен би-тамашаға үйден шығарында ешқашан бір ауыз қазақша сөйлемейтін Иордан бұған жалт қарады да қазақшалап:

– Қош бол, мама! – дегенде жүрегі солқ етіп:

– Олай деме, балам! – дегенді орысшалап.

– Мен сізге «пока» дедім. Оның не сөкеттігі бар? – деп күлген баласына қазақтардың өйтіп үзілді-кесілді қоштасуды жаман ұрымға балайтынын түсіндіргенде де:

– Ой, қойыңақы сол қазақтың ырымдарын. Бұл қазақша үйренген түрім еді, оның өзін сіз жақтырмадыңыз ғой, – деді де күле сөйлеген қалпында кете барды баласы. Қазір ойланады ғой ана жүрек. Жаратушы Алла пендесінің жанын қиярда ажалдың суық нышанымен оның санасын тітіркендірмеуі мүмкін емес. Қалай да аян береді. Тек адамдар соны ақылға жеңдірмей, ажалмен ойнаймыз-ау. Бірақ төтелей соғатын ажалға қарсы пенденің жасар амалы да жоқ. Менің Иорданым да Алла анасымен қоштасуды ишаралап тіліне мұсылманшалап сөз салған екен ғой сонда. Ал көпті көргендігіме, көп нәрсені білетіндігіме тоқмейіліс көкірек кертетін мен баламның өзіммен мәңгіге қайырласып тұрғанын қалай сезбедім. Біле тұра оны ажалға айдаған өзім емеспін бе осы деп күйзелетін. Содан жаны ышқыған Мариям енді таптырар деймісін, іздеуімді қояйын деген ойын қайтадан ұмытып, дереу қылмыскерді індетудің амалдарын құрастырумен аласұратын. Содан он жетінші жылға айналғанда Шуақты дейтін қалада бір із кесуші барын естіп соған көңілі ауды.

\*\*\*

– Сен мені түсінесің бе? Қазақы

ұғыммен тәспірлесем – жалғызымды жоқтағалы он жетінші жыл. Соның көзін мәңгі ашпай қалуына душар еткен мықтыны таппай ұйқым шала, күлкім жалған. Шындап бір ақтарыла күлейін, ел қатарында жарқылдап жүрейін, бәрін ұмытып алаңсыз көз ілндірейін деймін. Бірақ бір жақ бүйірімді ауырлатып, жүрегімді дірілдетіп, жалғызымды сағындырған назалы ойлар неменеңе жетісіп күлмескің, не бетіңмен ұйқыға шомбақсың деп қабағымды аштырар, жүрісімінен жаңылдырып қадамымды дәл бастырар емес. Сен мендегі бар құжатты, суретті ал. Парактаған сайын күйігіме күйік жамайтын бір дорба қағазды арқалап қашанғы безектемекпін. Ақшаны төлеуге қиналады демеңің. Жалғызым үшін жинаған дүнием жалғызымды көрінде тыншу жатқызытын халге мені иландырғаныңша жетеді, – деп ашына сөйлеген Мариямнан алып қалған қағаздарды парактаумен Бұлан Еркеұлы қанша күннен бері отыр.

Баламды аңдаусызда ұрып, құла-

ты өлтірді дейді. Бірақ кімнің ұрғаны белгісіз. Бәрі осы белгісіз біреуді яғни ұрғанын тұрғызбайтын күштіңі жұба іздейді де, егер оқиға расымен де солай болса, неге әлгі ұрудың себебін іздемейді? «Иорданды белгісіз әлдекім не себепті ұрды?» деп жазды дәптеріне Бұлан. Бірінші себеп, билеп жүргенде ол біреудің немесе керісінше біреу оның аяғын басып кетіп, ерегіс туды. Өтелесті. Жоқ, төбелес болмаған. Өйткені жұдырықтасқан шуды жұрт көрер еді, араласар еді, ажыратар еді. Ондай шетін оқиға түсініктерде жазылмаған. Екінші себеп, билеп жүргенде оқыс қимылдан грек баланың қолы біреуге немесе біреудің қолы оған тиіп екеуі іліністі де, бірақ ерегіс тез аяқталып би жалғаса берді. Бұны іштей кек сақтаған әлгі белгісіз жігіт өзімен ерегісушінің қапысын тауып елеусіз жағдайда сырт көзге байқатпай ұрып жіберген. Осы оқыс соққының екпініне бидің екпіні қосылғанда қолайсыз құлаған Иордан, цемент жақтауға шүйдесімен соғылып, қимылсыз қалады. Ал ұрғыш жігіт тез сыртқа ұмтылып, соңынан қуа ілесетін қарсыласын клубтан ұзаңқырай күтеді. Бірақ полицияның, Жедел жәрдемнің қарасын көрген ол биге жоламай қайтып кеткен. Осылайша белгісіз күйде назардан тыс қалған қылмыс жасаушыны ешкім іздемеген де, сұрастырмаған да. Соның салдарынан тергеуші тарапынан қылмыс ашылмаған қалпында жабылған. «Өзі оқыстан немесе біреумен шалындысқаннан жайсыз құлап өлсе, бұл қылмыс емес» деген тергеудің шешімімен келіспеске амал жоқ. Солай десек те, неге Мариям ашпай баламды ұрып немесе қасақана шалып құлатып өлтірді дегенінен танбайды. Бұл – ана жүрегінің қателеспегені ме әлде қателессе де оған өзін-өзі иландыра алмағаны ма?

Бұл қалың папкіге тігілген түсініктерді тағы да шола бастады. «Ештеңе білмеймін, көрмедім» деген мазмұндағыларын бөлек буып, сәл де болса көңілге күдік ұялататынын ерекшелеп қойған еді. Сол түсініктердің ішінен Зәмира есімді қыздың жазғанын қадала оқыды. «Би қызып жатқан. «Аһ!» деген дауысқа еріксіз жалт қарағанымда, бір қыздың тізлей құлап, аяқ астында қалмау үшін қиналса да тез тұрып кетуге әрекеттенген қимылын ғана аңғарып үлгердім. Сәлден соң еңгі қызды бір жігіттің сүйемелдеп пе, жоқ әлде орнынан көтерілгеннен кейін құшақтап па тұрғанын көрдім де жүретін жігіті бар екен-ау деп ойлап үлгердім.

**Бағдат ҚАЛАУБАЙ,**  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

*(Жалғасы бар)*

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail:** zanreklama@astana@mail.ru  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5719 дана**  
**Апталық таралым 11438 дана**  
Тапсырыс №9102 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г кәулікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31